

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VIII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,

Ә. Тарап, А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,

П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),

И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарап*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Авторлар:

Ж. Дәдебаев, Ә. Әбдіманұлы, [Т. Қекішев], З. Бисенгали,

З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, А. Салқынбай,

М. Үмбетаев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Қ. Мәдібаева*

А 13 **Абайтанды.** Тандамалы еңбектер. VIII том. Пәнаралық зерттеу /

Ж. Дәдебаев, Ә. Әбдіманұлы, [Т. Қекішев], З. Бисенгали, З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, А. Салқынбай, М. Үмбетаев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов; жауапты ред. Қ. Мәдібаева; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 279 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1712-0 (VIII том)

VIII томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің иетижелері корініс тапқан. Онда Абайдың ілімі, әдеби мұрасы, абайтану тарихы, акын шығармашылығында негізделген құндылықтардың негіздері, пайымдау мен бағалау жүйесі, білім концепциясы, поэтикасы, шындық және шығармашылық киял, мазмұн мен пішиң секілді мәселелер қоғамның интеллектуалдық және тұракты дамуымен сабактас қарастырылған.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең таңуга талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбасының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)
ISBN 978-601-04-1712-0 (VIII том)

© Авторлар ұжымы, 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

VII тараяу

АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗІ: БОЛМЫСЫ МЕН БІТІМІ

1

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басы – қазақ прозасы тарихындағы ерекше кезең. Бұл кездегі проза тарихи уақығалар мен белгілі әuletтер, қоғам қайраткерлері, батырлар мен билер өмірін баяндайтын шежіреден нақты мақсатты авторлық идея, ой, көзқарасты білдіретін, қоғамдық өмір шындығын суреттейтін көркем прозага қарай ойысады. Халық прозасын қағазға түсіру, тарихи-шежірелік сипатты шығармалар орнына, публицистикалық, дидактикалық, ағартушылық мақсаты молдау көркем шығармалар келе бастады. Абай қарасөздері осы тарихи ортада дүниеге келді. Оның сол кездегі дәстүрлі қазақ прозасымен, кітаби түркі, діни әдебиетпен, мерзімді баспасөз бетінде («Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», т.б.) жарияланған шығармалармен үндестігі сондықтан.

Абай қарасөздері бүгінге дейін талай зерттеулердің объектісіне айналды. Оның мазмұнындағы педагогикалық, психологиялық, философиялық, діни дүниетанымдық ой-пікірлер бағытында заманауски идеологиясы мүмкіндік берген деңгейде пікірлер айтылды. М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Қоныратбаев, Т. Тәжібаев, Қ. Бейсембиеv, Ә. Жиреншин, Б. Шалабаев, М. Сильченко, Қ. Өмірәлиев, Қ. Мұхамбетқанов, Х. Сүйіншэлиев, З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Т. Қекішев, А. Машанов, Р. Нұргалиев, Ш. Елеуkenov, М. Мырзахметов, Д. Досжанов, Қ. Салғарин, Ф. Есімов, т.б. еңбектерінде Абай қарасөздерінің жанры, көтерген тақырыптары мен шығарма мазмұны, идеясы туралы талай ойлар бар. Әрине, бұл еңбектердің біразы кеңес үкіметі идеологиясына тәуелді болғанын есте ұстай керек.

Абай Қарасөздерін әдеби айналымға енгізуде, зерттеуде М. Әуезов еңбектерінің орны айырықша болмақ.

ҚС (бұдан байлай қарасөздер осы қысқартуда (ҚС) беріледі) аңғарылатын дүниетаным мен айтылатын ой-пікірлер, қолданылатын көркемдік жүйе идеологияға суарылған, «саяси қырағы» сыншылар мен зерттеушілерді кезінде қатты үркітті. ҚС түрлі дау-дамайлардың объектісіне айналды. Әсіресе олар қырқыншы, елуінші жылдарда мықтап өршіді. Неше түрлі кереғар пікірлер айтылып оның Абайға қатысына шүбә келтіруге дейін барды (Абай шығармашылығын зерттеу мәселелеріне арналған ғылыми айтыс материалдары. Бәйшев С. Проф. Әуезов өткендегі қателіктерінің шырмауында // Социалистік Қазақстан. – 1947, 14 март; Степанов Г. Қоғам ғалымдары қызметкерлерінің идеологиялық қателіктері // Қазақстан большевигі. – 1947. – №1). Осы таластардың ушықпай толастауына М. Әуезов ерекше ықпал етті. Бұл бағыттағы айтыстар ауық-ауық бой көрсетіп отырғанымен, М. Әуезовтің мына пікіріне тоқталған: «Абайдың, осы қарасөздер дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек бір алуаны боп қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған ертегі, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың өзі айтқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсiet, толғау тәрізді» [1, 219].

ҚС зерттеуге баратын бағыт пен оның жұмбактау тұстарын, құпияларын ашатын кілт те осы пікірлерден басталуға тиіс. Біріншіден, ҚС – көркем проза, онын бір түрі. Екіншіден, онда дәстүрлі прозадан өзгешеліктер мол.

Әрине, бұл пікірдің жалпылық сипаты да көрініп тұр. Мұны кезінде ҚС туралы арнағы монография жариялаған Х. Сүйіншәлиев те ашып көрсетіп: «Біздіңше, өзіндік жанр» деген дұрыс. «Абайлық проза» деген қалыптасқан проза әдебиет тарихында жоқ

Сондай-ақ Абай сөзінің бәрі өсiet толғау да емес. Олар алуан түрлі болып келеді. Және Абай қолданған проза түрінің біркелкісі әдебиетте ертеден белгілі, бар түрлер» деген ой айтады (Сүйіншәлиев Х. Абайдың Қарасөздері. – Алматы, 1956)

Бұл пікірлердің біразын, ҚС белгілі бір жанрда жазылған шығармалар емес екенін көзінде М. Әуезовтің өзі де айтқан. Сондықтан да «осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі» деген пікірді шартты түрде ғана қабылдаған абзal.

Сол кездегі қоғамдық санаға идеологиялық қысым, саяси әлеуметтік жағдай будан өзге пікірлерді айтуға мүмкіндік бермейтін. М. Әуезов әр жылдарда, әр мақсатта жазған шығармаларында ҚС байланысты түрлі-түрлі, тіпті қайшылықты пікірлер де айтады. Бұдан талай күгін-сүргін көрген қаламгердің мазмұны мен түрі коммунистік идеологияға жақпайтын, қатпар қабаттары мол, мәні терен шығармалар туралы өзі айтпаса болмайтын шындықтарды астарлы түрде, абалай жеткізуғе үмтүлғанын аңғару қыын емес.

Осы пікірлердің кейбір үзінділерін келтірелік: «Қарасөздер тереңдігі жағынан да көп өлең сөздерінен тайызырақ, сөл ғана шындықтардың ой-өрісін байқатқандай болады» [1, 221]. «Қарасөздердегі өмір, қоғам туралы пікірлер өлеңге ауысады» [2, 157]. «1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қарасөз үлгісіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қарасөзде айткан пікірлерінен шыгарып өлең қылышып кеткені де бар» [3, 131]. «Қоғам мен жеке адам арасындағы қарым қатынасты айтуы өлеңнен гөрі қарасөздерінде үлкен орын алады. Бұл әлеуметтік тақырыбының ішіндегі ең үлкені» [2, 161]. «Абайдың «Факқлия» аталған қарасөзі де барлық құрылыш қалпымен, шебер шешен тілімен және өлеңдеріндегі ой толғауының көшпілігінің тереңдеп, еселеп есіріп жеткізуімен, біздің әдебиеттегі тағы бір соны қызықтың, жаңалықтың бірі болған. Бұнда да сыншыл, ойшыл көрінеді. Орыс әдебиетіндегі Лев Толстойдың кейбір толғау үлгілеріндегі, бірақ қазақ халқының өз тіршілігінедегі күнделік болмысынан туған аса бір алғыр, жүйрік және кейде соншалық ашы мыскылы зор, кейде өте шешен орамы мол бір тың өнер көрініп отырады. Сондықтан да Абайдың өз заманында осы қарасөздерді әдейі бөлек жаздырып ап, ерекше қызығып оқитын қазақ оқушылары көп болған», тағы басқалар [2, 221-222].

М. Әуезовтің ҚС қатысты енбектерін қатар-қатар тұтастай қарастырап болсақ, болашақ зерттеулерге негіз боларлық талай ойлар айтылып, бағыт-бағдар көрсетіледі.

ҚС қатысты зерттеулер арасында 1956 жылы жарық көрген Х. Сүйіншәлиевтің «Абайдың қарасөздері» аталатын монографиясының орны ерекше. Оның кезіндегі идеологияға тәуелді методологиялық бағдарынан, объект курделілігінен туындастының кемшіліктері бар. Алайда, Абай ҚС осы еңбекте алғаш рет жүйелі түрде талданады, тақырыптық, жанрлық, көркемдік белгілеріне қарай топтастырылады, поэтикасы сөз болады. Оны зерттеудің қазақ әдебиеті, абайтану үшін маңызы айтылып, басты проблемалары көрсетіледі. Мысалы:

- ҚС жазылу жылдарын (хронологиясын) анықтау маңызы;
- Текстологиялық жұмыстар қажеті.
- ҚС поэтикасына зерттеудің, қажеті, т. б.

Бұл проблемалар әлі де тиісті деңгейде қозғалған жоқ. Оның түрлі объективті, субъективті себептері бар.

Күні кешеге дейін «жат ойлы» шығармаларға тыйым салынған заманда ҚС зерттеуге тәуекел жасау онай емес-ті. Оның мазмұндығы «жат, қауіпті, дін туралы» ойлар, құрылымындағы курделілік, жанрлық сипаттының жұмбақтығы, көркемдігінің өзгелігі, тіліндегі ерекшеліктер, т.б. талай талапкерлерді үркітті. Бұғінде коммунистік идеология қалғанмен, бұл қыындық, шығарма поэтикасын талдау әлі де зерттеушілер алдында түр. Өйткені, ҚС зерттеуге екінің бірі бара алмасы анық. Оның ішіндегі ең ірісін айтар болсақ, Абай ҚС зерттеуші оның шығармаларының тереніне бойлаумен қатар, Абай сузындаған қайнарларды да білуғе тиісті. Оның М. Әуезов санап көрсеткен бірер мәселесіне көз салайықшы [2, 82]. Бұлар Абайды тану үшін М. Әуезов көрсеткен аса қажетті бағыттардың бірері ғана.

Сонымен ҚС болмысы қандай?

Алдымен, ҚС – көркем шығарма, оның ішінде прозаның бір түрі. Бір кездерде ҚС көркем әдебиетке қатысына шүбә келтірушілер де болған. Қазір бұл бақытта дау жоқ, алайда күдік сейілді деп айтута болмайды. Ендеше оның көркем мазмұны мен түрін, көркемдік жүйесін, құрылымын, ерекше қасиеттерін ашып, көрсететін зерттеулер қажет.

Абайдың қарасөздері бұрқ ете қалған әсер, сезім, ой, қиял тасқынынан дір ете қалған ақын жүргегінің діріл кестесі гана емес, ол

– ұзақ толғаныстан, тебіреністен көтерілген толассыз ой ағының өрнектері. Ол туған халқы басындағы хал жайды көріп, оны өзгеден кем болмауға, өркениетке, мәдениетке, ғылымға шақырған ұлы тұлғаның өсietі, жан айқайы!

ҚС негізінде сыншыл реалистік әдіспен қатар ағартушылық реализмнің де қолданылғанын дәлелдей алады [4]. ҚС қазақ қоғамы дамуына кедергі болып отырған мінез-құлық, салт-сана, құбылыстарды сынаумен қатар, одан құтылудың қажеттігін айтып жол көрсетеді, ақыл насхат айтады. Мысалы, окудың қажеті, ғылым, білімге қатысты сөздер негізінен ағартушылық мақсатта жазылған шығармалар.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында Қазақстанның экономикалық, саяси әлеуметтік өмірінде, қоғамдық санада беллетристиканың өркендеуіне, дамуына ерекше объективті жағдай қалыптасты. Саяттылық деңгейінін, артуы, қазақ тілінде баспа, мерзімді баспасөз ісінің қалыптасуы, публицистиканың үштала бастауы, саяси-қоғамдық, ғылыми-көпшілік стильде жазылған шығармалардың көбеюі, әлемдік әдебиет үлгілерінің халық арасына тарала бастауы, халық прозасының қағазға түсіуі, т.б. проза жанрының дамуына қолайлы әсер етті [5].

ҚС туралы әңгімелерде оған дейін де, кейін де қазақ әдебиетінде ондай түр, үлгі болған жоқ деген пікірлер көбірек айтылды. Бұл қолда бар деректермен үйлеспейді. Абай нәр алған қайнарларды, оның кейбір сөздерінен айқын аңғаруға болады. Ол туралы сәл кейінірек тоқталамыз.

Абай әлемдік прозаның озық үлгілерімен жақсы таныс болған. Шығыстық аныз, әңгіме, қисса, халықтық роман, батыс, орыс қаламгерлерінің сан түрлі жанрдагы шығармалары, ірі романдары Абай қолынан өткен. Гибраты мол, уақиғасы қызықтарын төніретіндегілерге әңгімелеп, ел арасына таратып отырған. Алайда Абай қазақ әдебиетінде проза жанрын қалыптастырайын, оның жанрларын үштайын дегенді мақсат еткен жоқ. Әйтпесе, ол мақсатын өзге жолдармен-ақ іске асырап еді. Аударма, халық прозасын, шығыстық сюжеттерді стильге түсіру, т.б.

Абайдың қарасөзге келуі қоғамдық өмірдің дамуы мен заман на проблемаларының суреткерге әсерінен талантты тұлғаның

шығармашылығы белгілі жағдайда прозаға ұласады. «Қайта берірек келгенде (90 жылдар ішінде. – З.Б.), ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жаздырып көшіріп алғып жүргенде, ең алдымен қара сөзді тілейтін. Үйде отырып оқығанда да өлеңін қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп ынтығатын. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қарасөз үгітіне айналдырып жіберген» [3, 131].

Өлеңде ойды өлшемге, ырғакқа, үйқасқа, үндестік өрнегіне сүйрейтін заңдылық бар. Оны аттап өту мүмкін емес. Бұл заңдылық – қаламгер ойын өзіне тәуелді ететін үлкен күш. Өлең заңдылығы мен табиғатын жете білген Абай ой-толғаныстарын еркін жеткізу барысында осы прозаға келді. Дәлірек айтсақ ҚС Абайдың халыққа жеткізуге тырысқан ой-пікірлерінен келіп туындаиды. Мысалы, отыз сегізінші сөзге өзек болған ой, мақсатты өлеңмен ұғынықты жеткізуге болар еді. Ендеше өлеңге өзге талаптар қойған Абайдың ой-сезімін, толқу-тебіренісін еркін жеткізетін үлгі – қарасөзді таңдауы, прозаға келуі – шығармашылық қажеттілік.

Абай қара сөздеріне шығармашылығының әбден кемеліне келген кезінде кіріседі. Бұл – 1890 жылдардан кейінгі кезең. Осы кезден бастап Абай шығармашылық қызметпен бірынғай, мақсатты түрде айналысады.

«Абай халқының қамын ойлаған адам болғандықтан қандай қызындық болса да еліне деген енбектен қол үзбеген.

Ол қарасөздер жазуды 1891 жылдан бастайды, – деп жазады М. Әуезов. – Абайдың қарасөзі әдебиеттік жанрдың қайсысына жататынын айту киын. Бұл қарасөздің ішкі мазмұнына, ақынның ой, арманына құлақ салсан, өлеңдегі оймен ұшта-сып жатқандығы байқалады. Абай – өз енбегі халыққа жетсе еken деген адам, сондықтан айтылған ой көңіліне қоңбаса, қарасөзben айтқан пайда келтірер мен еken дегенді ойлады. Абайда айырықша философиялық система болмағанымен, философиялық ойлар болған. Табиғат, жаратылыс туралы емес, адамгершілік, қоғам жайында қатты сынға айналдырып айтады. Бұл – қазақ халқының болмыс тарихынан, шаруашылық жайынан, тәрбиеден, адамгершілік

жайынан айтылған өситеттер. Көпшілігін өзі танысқан грек философтарының үлгісімен айтқан» [2, 54].

Абай қарасөздері – ірі тұлға шығармашылығының ішкі қажеттілігінен туған құбылыс. Абайды проза жанрын өркендету жолында арнайы ізденді дегеннің кисыны жоқ. Сол тәрізді қаламгер ой-толғаныстарын әсерлі жеткізу үшін көркем пішіннің мүмкіндігін, түрлі тәсілдерді әдейі пайдаланды деп те айтуға болмайды. Жазу барысында проза жанрының занылықтарына жолықты. Оны игеру барысында нақты үлгіге келді. Болмаса өзін ойға бөлеген, қолына қалам алуға тұртқи болған шығарма үлгілеріне үндестік танытты, олармен диалогке барады. Мысалы, дін, мораль, этика, т.б. тақырыптар туралы сөз қозғағанда, сол салага қатысты лексиканы, ұғым, терминдерді сақтауға тырысады, оны халыққа түсінікті тілде баяндайды. Жоғарыда аталған ілімдер туралы қазақ қоғамында «кітаби түркілік» тілде жазылған талай шығармалар болған.

Қара сөздерінен Еуропа, орыс әдебиеті әсері де сезіледі. Осыған қарал тікелей соның әсерімен, үлгісімен жазылды деген де пікірлер болды. Абай кейбір этикалық, эстетикалық, діни, философиялық категориялар туралы ойларды әлемдік әдебиет, орыс ғұламалары енбектерінен ала отыра, өзінше еркін жазады. Соңдықтан да бұл әсер, ықпалдың шығыс әдебиеттеріне қарағанда аздау екені көнеш заманында да айтылды [2, 62-63].

Абай дін, исламиятқа қатысты сөздерде діни лексиканы, құран, аят сүрелерін пайдаланады. Бұл әдейі қолданылып отырған әдіс тәрізді, Абай дін тақырыбына жазылған өлеңдерінде де кітаби-түркілік, діни лексиканы қолданады. Бұл шығармалар композиция, тілдік құрылымы жағынан да Абайдың өзге шығармаларынан бөлектенеді. Мұның өзі Абай дүниетанымындағы өзгерістерден де хабар береді.

Қара сөздерден халық прозасының әсерін кітаби түркі, діни шығармалар лексикасын көрмсөу қын. Кейбір сөйлемдер құрамы, көлемі бағытында да дәстүрлі әдебиет кітаби стиль үлгісі бар. Ол, әсіресе, исламият тақырыбындағы шығармаларда мұлде көбейеді. Енді Абай шығармаларынан байқалатын осы үлгілерге бірер мысал келтірейік.

1. Халық прозасы: «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі таласып келіп гылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің де білесін, дүниеде ешнэрсе менсіз қәмелетке жетпейтүғынын...».

Ақын айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетүғын мен, сенің сөзінді ұғатүғын – мен.

Онан соң жүрек айтыпты: Мен — адамның денесінің патша-сымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ... [6, 151-154]

Бұдан эріде бұл – көптеген халықтар әдебиетіне таныс сюжет. Абай оны өз мақсатына орай стильге түсіріп, өзгерте пайдалана-ды. Шығармадағы халық прозасының әуені, түрі дау туғызбайды.

2. Кітаби түркіде жазылған дін, исламият тақырыбын қозгайт-ын үлгі. «Иман-деген – Алла табарақа уатағаланың шәриксіз (тәң келмейтін, бірдей келмейтін – З.Б.), ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына уа неге һәр бізге пайғамбарымыз саллалаңу ғаллейін үес-сәләм арқылы жіберген, жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, инанмақ» (Он үшінші сөз). Бұл бағытта жазылған түркілік кітап-тар мен әдебиетті он жетінші жылға дейінгі қазакы мектептердің көбінен кездестіруге болады. Сөздер арасында кітап-тастых аталған отыз сегізінші сөздің орны бөлек.

3. XIX ғасыр сонындағы мерзімді баспасөз бетіндегі әдеби-публицистикалық шығармалар. «Қазақтардың бұрыннан қалған мақалы бар: «арам іске ант ішпе, айрандай жұғар» деген. Бұл өсiet мақалдан білінеді, бұрынғы замандагы біздің қазақтар жан бергенге қаншалық назарын салып қарайтүғыны, мұным растығына қаншалық ықылас қоятүғыны. Бұл себептен қазақтар бір-бірімен ұрысқанда жан бергеннің қатты екенін біліп, «ант ұған» яки «ант соқкан» деп ұрасды, яғни жалған іске жан берген соң құдай тағаланың қаһары тиген дегенге ұқсас болады [7].

«Әр жұмыс білімді керек қылады. Қашан жұмыстың қалай істеуін білсөн жылдамырақ, һәм артық та қылып істеп бітіресін. Білім бәріне де үйретеді. Бәріне де болысады.

Шаруаға да һәм болысады. Егер де адамдардың ақылы бойынша шаруа қылсан, шаруаның ақыры қайырлы болып һәм көбірек пайда келтіреді» [8]. «Бұрынғы етіп кеткен шаман заманынан біздің қазақ халқының ойлаған ойында, ғұмырында әр түрлі рәсім

қалды. Көріп болып жүрген уақытта біздің қазақтар көп құдайлар бар, бұлардың бастығы тәнірісі деген деп білуші еді» [9].

Жоғарыдағы үзінділер мен ҚС поэтикасының арасындағы жақындық, үндестік айқын.

Шығыс, Батыс, Түркі тілді орта ғасырлық әдебиетіміздегі осы стильдегі сөздердің бір алуаны кезінде Батыс Европа, Грек әдебиетіндегі эссе жанрының қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде ықпал етті. Осы әсер сипатын, ықпалды бүтінгі әдеби терминологияда азианизмдер деп атайды.

Абай оқып пайдаланған «Қисса сұл Әнбиә», «Бабыр нама», «Шыңғыс наме», Абылгазы жазбалары, Науай шығармалары, т.б. көркемдік жүйесі, соларда байқалатын дидактикалық үлгідегі асқар ойлар сілемі Абайға да әсер етті. Сол тәрізді құран, тефсирлер, мерзімді баспасөз бетіндегі материалдар, мақалалар түрлі түркі, татар, діни кітаптар да, Абай медресседе оқып пайдаланған, қара сөздерінде із қалдырығаны анық.

Абай ҚС белгілі бір жанр аясында, соның үлгісіне сүйене отырып жазылған шығармалар емес. Мысалы, «Фақлият-тастих» болмаса «кітап-тастих» аталатын отыз сегізінші сөз, «Сократ хакім сөзі» (27), «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» (46), мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері (37) топтастырылатын сөздер түрлі жанр үлгісіндегі шығармалар. Оның үстінен Абайдың исламият пен оның ұғым, қағидаларын түсіндіре жазатын шығармаларының өзіндік стиль үлгісі бар.

Бірақ осы алуан үлгіні біріктіретін де әлде не бар. Ол – бұл шығармалардың қарасөзben жазылуын былай қойғанда, бірден аңғарылатын авторлық контекст, мақсат [10]. Осы шығармалардың бәрі түрлі объективті, субъективті жағдайларда жазылса да бір мақсатты мұрат тұтады. Ол Абай қозғап отырған замана келеп мәселелерінің баршасынан бастап философиялық адами тақырыптардың, тіпті мақал-мәтел мен афоризмдерді пайдаланудың өзінен де көрінетін ұлы тұлғаның ой-тебіреністері, жан, сезім сырлары. Қаламгер неге көніл аударса да өз кезіндегі қазақ елі мәселелерімен, қатынаста алып, ой елегінен өткізе, тебірене толқи жазады. Шығармашылық процесс үстіндегі автор сезімінің шығарма мазмұнына әсер етуі көркемдік сипат беруі, ҚС поэтика-

сына даралық дарытады. Мысалы, кейбір сөздерінде өмірден, ортасынан, тіпті, оқу-білім қажетінен де күмәнданғандай пікірлер айтады. Бұрын Абай поэзиясының өзегі болған ойларға да енді өзге бағытта келу кездеседі.

Мұның бәрі түрлі объективті-субъективті жағдайлар арасында еңбектенген Абай дүниестанымындағы өзгерістерден хабар береді.

Абай ҚС тоқсаныншы жылдардан бастап жазды. Бұл – Абай шығармашылығының әбден кемелденген кезі. Оның дүниестанымы мен саяси әлеуметтік көзқарастарында біраз өзгерістердің болатын шағы. Енді Абай адам өмірі, замана, қазақ қоғамы тірлігі мен өз өмірі, мақсаты, патша үкіметінің қазақ даласындағы саясаты туралы шындалп ойлана бастайды. Қорлықта отырып надандығынан көнбіс тірлік кешкен халқына жаңы ашиды. Оны шығармашылығы арқылы оятақ болады. Бірақ селт ете қоймаған елді, халықты көріп қапаланады, көнілі қалады. Ақылдың азабын тартады. «Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ганибет екен деп ойлаймын» деп жазады жиырма бірінші сөзінде. Алайда, Абай гуманизмі мен философиясының мәні, мазмұны бұл емес екені көпке мәлім. Бұл «мыңмен жалғыз алықсан» гуманистің шаршаған, қиналған бір шағында айтқан сөзі. Ендеше осындағы сэтте жазылған Абай сөздерінде торығу да, түнілу де, «аңы сия, улы тіл» де кездеседі. Сол тәрізді, өз тірлігі мен әрекетіне разы болмай қапа болатын сэттері де аз емес.

Өз заманына сай Шығыс, Батыс әдебиеті мен мәдениетінің, қоғамдық ғылымдарының небір қайнарларынан нәр татқан Абайдың философ, ағартушы, демократ, ақын Абайдың, қазақтың жерінде момын, наған халқын да қаусата қанап жатқан Ресей заңсыздығы мен зорлығын көрмеуі, ол туралы мұлде ойланбауы, жазбауы мүмкін емес. Соңғы кездерде бұл бағытта да мақалалар жарық көре бастады.

Қазақ елін басқарудың кейбір зан, ережелерін шығаруға, жазуға Абайдың өзі де қатысқан. Оның кейбір баптарын жазып, көбін редакциялаған. Мысалы, 1886 жылғы Қара-молла съезі шешімдеріне орай зан, ереже жасалғанда Абай қатысқан. Осы ереже 1886 жылы Қазанда басылып та шыққан [11, 98]

Саяси сипаты мол осы шығармашылық кезінде қазаққа болсын деп ойламайтын Ресей империясының «тышқан-мысық» ойыны тәрізді ойын Абайдың білмеуі мүмкін емес.

Абай өзінің үшінші сөзінде осы кездे туған ой-идеяларын пайдаланады. «Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан-жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, мениң ойыма келеді: халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісі жоқ болса, яки бар болса да, сайламаса, уездный начальник пenen военный губернатордың назначениесімен» болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі қызметкүмар қазақ балаларына образование беруге «ол да – пайдалы іс, екінші – назначениемен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді» [6, 132-133]. Осы жылдары оның жеке басында да трагедиялық жайлар көп өтеді. Абайды соңғы жылдары ел ішіндегі ұсақ-түйек істерден құтқарып, барша шаруашылық жұмыстарды мойнына ала бастаған азамат інісі Оспан Оразбаймен тартысқа түседі. Көп кешікпей дүниеден өтеді (1892 жылы). 1895 жылы үлкен үміт күткен баласы Әбдірахман қайтыс болады. Мұқыр болысында өткен сайлау кезінде Абайға өшіккен атқамінерлер оған қол жұмсайды. Осы жылдардан бастап патша үкіметі де Абай үстінен түскен шағым қағаздарды жинап, оны маңынан саққулактар тауып, тор құрып тергеуге ала бастайды.

Абайдың қазақ даласындағы орыс саясатын ұғуы, содан барып шығысқа, дінге көніл қоюы дәл осы тұстан бастап мақсатты сипат алады. Оған басқа да себептер қосылады. Абайдың Батыс Еуропа философиясы мен мәдениетіне негіз болған шығыс мәдениеті, дін тарихы туралы түрлі кітаптарды оқуы оның батысын қайта шығысқа бұрады [12]. Осылардың бәрі тоғыса келгенде гуманистік идеяларды уағыздаған Батыс, Орыс мәдениеті, тұрмыс тіршілігіне мән берген Абай дүниетанымындағы күйзелісті, тоғығуды туғызады. Абай өмірінің соңына таман жазылған шығармалар мен ҚС өзегіндегі торығы әуендерін осыларды еске алғанда гана ұғуға болады. Бұл жерде окушыға ҚС өлшеусіз көмек көрсетеді.

ҚС түрлі жанрларда, үлгіде жазылса да онда автор көп пайдаланатын тәсіл бар. Ол – индукция, жалпы қорытынды, ойды бірте-бірте тараты баяндау. Ақын кәбіне байсалды байымдау арқылы қол жеткен ойдан, түйін-тезистен бастайды. Оны таңдаудың да өзіндік ерекшелігі байқалады. Түйін-тезис әдетте теру, екшеу, саралау, талдау, байымдау қорытындысы, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – қозғалған тақырып пен көтерілген проблемалар ойлантықан сұрақтар жауабы тәрізді – негізгі ой ретінде берілсе, ҚС-де кейде сәл өзгешелу де алынады. Абай тезистері кейде проблемді-сұраулы сипатта кездеседі. ҚС өзегіндегі ойлардың динамикалық сипаты мол, «ол ақиқат шындықты» айтудан гөрі ойлануға, толғанысқа, оқушымен диалогке құрылады. Осының өзі ҚС поэтикасының ерекшелігіне апарады. Кей сездердің сұрақпен басталып, сұрақпен аяқталуында осывдай сыр бар.

Абай ҚС басында берілетін түйінді ойды жүйесіне орай талдай отыра, тарам-тарам жікке бөледі, жауабы дайын тұргандай түрлі сұрақтар қояды, сол арқылы талдайды. Мысалы, бірінші, үшінші, төртінші, жетінші, он бесінші, т.б. сөздер. Бұл бөліктерде, бір қарағанда, дербестік мол болатын тәрізді. Ал, үніле қарағанда, мұлде олай емес. Осы үздік-үзік бөліктеге жан бітіретін, оларды тұтастыққа жеткізетін күш – шығарма басында берілетін түйін – тезисте. Осы жеке бөліктердің қолданылу ыңғайы, олардың арасындағы бағынысты байланыс, шығарма композициясы басты ойды талдау барысындағы автордың шығармашылық процесі үстіндегі тебіреніс, толғанысына, сезім ағынына тәуелді. Бұл ағым эстетикалық объект бөліктегі модель үлгіні сактай отыра) басты ойды өзге қырынан айқындаі түседі. Мысалға Абайдың бірінші сөзін алайық. Сөздегі негізгі ой – түйін-тезис, толғаныс сипатты сұраумен басталады. Шығарма ой-мақсат жүйесіне орай негізгі үш бөліктен тұрады:

Бірінші бөлікте, өмірдің талай қырын көрген парасатты адамның бұрынғы тірлігінің әрекеті мен мақсатының баянсызын байқаған күйзелісі беріледі. Бірақ ол өмірден түнілу, күйреу, трагедиялық сипатта емес. Таңдану күйіндегі сәтті баяндау, (бір қызы-

ты суреттеу емес, баяндау) арқылы беріледі. Енді қалған өмірді қалай өткізбек?

Екінші бөліктегі осы ойларға, қорытындыға әкелген өміріне, қылған қызметінің түрлеріне баға береді. Бұл ойлану, бағалау нәтижесі экспрессивті, эмоционалды үлгіде беріледі. Абай жауабы дайын, толқымайтындей. Тіпті, оқу, білім, туралы да ақын идеясына мулде керегар көзкарасы көрсетіледі.

Ушінші бөліктегі қаламгер осы толғаныс қорытындысында келген шешімін айтады. Ол да тебіреніс, толғаныс үлгісінде.

Осы түрдегі ҚС архитектоникасын құрайтын тәсілдің басты ұйтқысы, арқауы шығарма басында берілетін түйін-тезис екенін жоғарыда айттық. Шығарма композициясы сондықтан да ойға, оны талдау барысындағы авторлық сезім ағымына тәуелді.

ҚС композициясының эстетикалық объект ерекшелігінен туындастырын өзгешеліктердің мол болуы сондықтан. ҚС қатысты алда тұрған үлкен міндеттердің бірі осы бағытты жан-жақты зерттеу болмақ.

2

Абайдың қарасөздері. Бұл атау алғашында Абайдың бір топ шығармаларына поэзиядан өзге жанрда – қарасөзben жазылғандықтан берілген. Оның шығарма жанрына қатысы шарттыға на еді. Кейін келе-келе «бұл Абайдың өзіне ғана тән, өзі ойдал тапқан, демек, өзге қаламгерлерде кездеспеген дара жанр» деген тәрізді пікірлер көтерілді. Бұл ойлануды кажет етеді. Егер, шынында да, «дара жанр» болса, оның құрылымы мен поэтикасында тек соған ғана тән тұрақты белгілердің болуы керек. Ал қарасөздер құрамында (структурасында) проза жанрының алуан түр үлгілері кездеседі. Мұны ҚС жанрын анықтауға талпынған зерттеушілердің бері де айтқан.

Абай не жазып отырса да, оқушыға түсінікті болуды есте ұстағаны мәлім. ҚС окуға ауыр, түсініксіздеу тіркестерге кездескенде оның адресаты (арналған оқушысы бар) бар деген пікірлердің растығына көзің жеткендей болады. Мысалы, діни, кітаби-туркі тілді мол қолданған шығармалар мұсылманша сауатты, исламият

пен дін философиясына ықыласты адамдарға арналған. Шәкірттері мен көпшілікке жазған шығармалар стилі мұлде басқа.

ҚС тереңіне бойлау үшін дайындық керек. Бұл шығармалар, негізінен, «сөз түзелді, тындаушым, сен де түзел» дегендей диалогке бара алатын оқырманға арналады. Бұл жерде оқырман деген сезді шартты ұққан жен. Өйткені ҚС кез келген адам оқып, тұшынып түсіне алады десек, қателесетін тәріздіміз. Бұгінгінібылай қойғанда, Абай қарасөздері XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет аясында да оқшау, өзгеше көрінеді. Оны бірден ұғына оқып кету киын. Абай шығармалары туралы кезіндегі А. Байтұрсыновтың деген: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндегі емес, олардың сөздерінен басқалығы сонша әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосырқап отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шашпаң оқып шықсан, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлаңып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайыра оқыса да түсіне алмайды.

...Бірақ ол ауырлық (түсінуге ауырлық. – З.Б.) Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, окушылардың түсінерлік дөрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, окушыда.

Не нәрсе жайын жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бері де халыққа тіреліп, окушылардың біліміне сын, сынақ болып табылады.

Окушы сезді сынаса, сөз окушыларды да сынайды, Абай сезі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшашулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзіндеғанда емес, өзінде де болған» [13]. Қарасөздер өзегіндегі мазмұн мен астарлы идеялық-эмоциялық баға біраз зейін мен зердені, әсіресе, окушымен диалогты қажет ететіні анық. Мысалы, жиырма жеті, отыз сегіз, қырық үшінші т. б. сездер. Көптеген сөздердің өзінде Абай тақырыпқа өрілген ойларды тарқатып, окушымен, өзімен-өзі диалогке барып отырады. Мысалы, екінші, үшінші, төртінші т. б. сездер.

Қаламгер оқушыға қаншалықты түсінікті жазуға ұмтылса да тым қара-байырлыққа, жалаң насиҳат пен үгітке – жаландыққа бармайды.

Қарасөздер өзіне дейінгі қазақ әдебиетінде бар үлгілермен үндеседі, бірақ әуені өзге. Философиялық, дидактикалық, діни, кітаби-түркі лексикасы мен грамматикасын — абстрактты шешендік пен тарихи-шежірелік сипаты мол тіл оралымдарын замана, қоғам, адам проблемаларын көркем бейнелей алатын нақтылығы мол образды түрге түсіреді.

Абай қарасөздерінің поэтикалық принциптерін анықтау үшін архи-текtonикасын құрайтын элементтердің жасалу әдістері мен тәсілдеріне, байланысу жолдарына қарау керек.

Абай кезіндегі қазақ әдебиетінде, негізінен, үш түрлі стиль болды: жоғары стиль – кітаби-туркі, діни этикетті, дәстүрлі әдебиет стилі; орта стиль – мерзімді баспасөз және ағартушы демократтардың дидактикалық, насиҳаттық мақсатта жазған шығармалары; төменгі стиль – ауыз екі тараған фольклорлық шығармалар стилі.

ҚС шалқыған шешендік те, әдейі әлеміштеу де, так-түк жұпнылық та жоқ. Абай айшықты сөз кестелерін, эпитет, тенеу, метафораларды үйіп-төгіп пайдаланбай-ақ, ұшталған әдіс, жұмбак тәсілсіз қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік типтер мінез-құлқын, іс-әрекеттің аса шебер бейнелейді. Әсіресе ұры, ку, жылпос, надан т. б. бейнелеуде олардың ойлары мен сөздерін шебер пайдаланады. Осы мақсатта қаламгер жоғарыда аталаған үш стильде ҚС поэтикасында жемісті қолданады.

«Абайдың поэзиялық мұрасын қоса, – деп жазады М. Әуезов, Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудығы ролі туралы пікірлерінде, – қарасөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат казына бар. Ол осы қара сөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дережесіне көтерген ұлы тарихтық енбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен де Абай енбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сінірді».

Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудығы ролі өлшеусіз. Оның шығармашылығында XYII-XIX ғасырларда Орта Азия мен

Қазақстанға кең таралған кітаби-түркі мен дәстүрлі қазақ әдеби тілі, ауыз әдебиеті ұлгілері жаңа қолданыста жарқырай көрінеді.

Бүтінгі оқушыға түрі де, тілі де бейтанаистау көрінетін сөйлемдер Абай кезіндегі зиялды қауымға жақсы таныс әдеби ұлгіде жазылған.

ҚС поэтикасына елікте, соның дәстүрімен шығарма жазушылар да болған. Мысалы, Шәкәрімнің прозалық шығармалары мен А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым, яки жастыққа ғафлат» аталағын шығармасы.

ҚС поэтикасын анықтау оңай емес. Оның көркем шығарма екені бүгінгі таңда дау туғызбаса да, кезінде құдіктенушілер болған. Мұның басты себебі қарасөздердің түрлі ғылымдар мәселеілерін де қозғайтын әмбебап сипатында. Мысалы, дидактика мен педагогика, мораль мен этика, публицистика мен эссе, ғылыми мақала мен тарихи очерк, дін-исламият пен философиялық тақырыптарды қозғайды. Сондықтан да оның поэтикасы көркем мазмұн мен архитектоника, оның түрлі құрылымдық бөліктерінің композициясы арасындағы үйлесім, үндестікте. Ендеше, осы бөліктердің көркем мәтінде (текст) атқарап қызметі, олардың өзара байланысы мен бір-біріне бағыныштылығы зерттелуге тиіс.

Абай не жазса да, қандай ой, құбылыс туралы толғанса да оған өз қатысын, әсерін, бағасын білдіреді. Шығармашылық процесс үстіндегі бойын билеген сезімдер толқыны да аз роль атқармайды. Өйткені автор эстетикалық нысанды жәйғанда әнгімелеп отырған жоқ, оған қатысын, бағалауды сезіміне орай бейнелеп отыр. Замана жаңалығын көрмеген тұған халқының көруге, білуғе, ұғуға, түсінуге мүлде тырыспаған анқаулығына бірде жаны ашыса, бірде ызалаңады. Бірде ақыл айтса, бірде мыскыл кекесінге кешеді, ашына сөйлейді.

ҚС синтаксисіне келер болсақ, оның сол кездегі мерзімді баспасөз бетіндегі көзтансыс жанрларға (синтаксисіне) ұқсайтынын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, публицистикалық сипаты мол үшінші, отыз үшінші, жиырма бесінші сөздер, тарихи очерк ұлгісіндегі қырық алтыншы, халық прозасы ұлгісіндегі он жеті, отыз бесінші т. б. сөздер. Осы ұлгідегі шығармаларды «Түркістан уалаятының газетінен» бастап өзге де жарық көрген мерзімді

баспасөз туындыларынан, жарияланған жинақтардан көптеп кездестіруге болады. Алайда, ҚС ішінде тілдік, синтаксистік тұрғыда бұлардан бөлектенетіндері де бар. Мысалы, педагогикалық, этикалық, моральдық, дін, философиялық шығармалар. Мұның басты ерекшелігі – авторлық интенцияны дәл бейнелеуге қабілетті көркем тіл, композиция, шығарма архитектоникасында. Осылардан туындастын көркем мазмұнда.

Сондықтан да Абай ҚС жанрлық ерекшелігін білу үшін сол кезеңдегі жанрлар жүйесін ғана емес, Абай мұрасының сол кез әдеби контекстіндегі өзіндік ерекшелігін де жете білу қажет.

«Тегінде сонау Әлішер Науайден тартып, XVI ғасырға дейінгі түрікше жазылған (тілдік айырымдары барлығын ескермегендеге) әдебиеттердің ішіндегі көптен көбіне тен грамматикалық формалардың Абай шығармаларына да тәндігін, бұлар арасындағы сабактастықтың барлығын мойындағанымыз сияқты, осы әдебиеттерге тән сөйлемдік жүйенін де Абай шығармаларына тәндігін мойындау керек», – деп жазады белгілі ғалым Қ. Өмірөлиев. Енде, ондағы пішіндік, жанрлық сөйкестіктерді еліктеу емес үндестік, шығармашылық диалогқа бару деп ұғуға болады.

Абай шығармаларындағы Еуропа, орыс әдебиетінің әсері асыра бағаланып келді. Бұл әсер табиғаты соңғы жырдарда зерттеле бастады. Осы әсердің өні мен себептерін қарасөздерге үніле қаруа арқылы байқауға болады.

Өмірінің соңғы жылдарында Абайдың негізгі бағыты – Еуропа, орыс әдебиеті емес, Шығыс. Алайда, бұл жерде ақын Батыстан мүдде қол үзген екен деген пікір туындауға тиіс. Абай одан алғандарының бәрін енді Шығыстық негіз арқылы ой елегінен өткізіп, екшеп алады, өзінше пайдаланады. Мысалы, Абайдың дәстүрлі проза тілін халық тіліне жақыннатқаны белгілі. Осы мақсатта ол батыстық (орыс әдебиеті тілі де) күрделі әдіс, үлгілерді түркілік, шығыстық негіздерге жақындана пайдаланады. Бұл тек қана халыққа түсінікті болсын деген талап-тілекten туындауға тиіс, оның негізінде түркілік, шығыстық табиғаты, дәстүрі мол қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігі (дамуының) болуға тиіс.

Әдеби тіл аса күрделі тіл. Ол өзге тіл ықпалына бірден ұшыра-майды. Оған өте ұзак уақыт керек. Абай заманындағы қазақ әде-

би тіліндегі Батыс, орыс әдебиетінің ықпалын сондықтан да тым асыра бағалауды реттейтін кез келді. XIX, XX ғасырларда қазак әдебиеті, әдеби тілі өмірді бейнелеудің замана талабына сай, жаңа үлгілеріне тез көтерілсе, ол қоғамдық сана дамуының ішкі заң-дышықтарына да тәуелді.

Әдеби тіл халық тіліне де мұлде қосылып кете алмайтыны тәрізді, Абай да өз заманының дәстүрлі әдеби тілінен қол үзіп кете алмайды. Мысалға, Абай ҚС ішіндегі ең қысқаларының бірі он екінші сөзді алайық. «Кімде-кім жақсы дұр, жаман дұр гибадат қылып жүрсе, оны гибадаттан тиоға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин сондай адамдар ғалымды гибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса керек. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе керек, Өуелі – иманың иғиқатын (нану, сену. – З.Б.) махкамлемек (берік, мықты, сенімді. – З. Б.) керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, гибадаты гибадат болмайды. Уа ләкин, кімде-кім иман неше нәрсе бірлән кәмеләт табатұғынан уа неше жерден бұзылатығының білмей басына шалма орап, бірадар атын көтеріп, рузашыл, намазшыл болып жургені көнілге қылаң бермей тұрып, жартысын салғанға ұқсайды. Құзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі андай шын діни шыншылдай жаны ашып тұрмаса салғырттың иманы бар деп болмайды» [6].

Сөйлем ішіндегі «дұр», «гибадат», «ләкин», «кәмеләт», «уа», шалма «рузашыл», «тәрізді архаизмдерді, бүтінгі оқушыға тосындау кейбір сөздерді былай қойғанда Абай замандастарына да тегіс таныс емес иғиқатын «, «махкамлемек «деген сөздер бар. Сол тәрізді «гибадат қылу », толымды гибадат», «гибадатқа ғылымы жету», «иманың иғиқатын махкамлемек», «иманың кәмеләт табуы» т. б. тәрізді күрделі ұғымдарды білдіретін тіркестерді түсіну үшін де белгілі дәрежеде мұсылманша сауаттылық керек.

«...көнілге қылаң бермей тұрып, жартысын салғанға ұқсайды», «құзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды», «ықыласымен өзін андайп» т. б. тіркестер, негізінде, соңғы екі сөйлем түгелдей) көркем образ, метафораларға толы.

Сөйлемдер құрылымына көз тоқтата қараған адам бұл сөздің XX ғасыр сонындағы діни, кітаби-туркі мен дәстурлі халық әдебиетінің сөйлеу тілі негізінде құрылғанын бірден ангарады.

ҚС бірден байқалатын үлгі – шешендік сөз үлгісі. Абай каршадайынын бастап бұл өнердің небір дүлдүлдері сайысқа түскен дау, айтыс, тартыстарды көріп өскен. Ессе келе өзі де айтулы шешендердің біріне айналды. Өнерін ел басқару ісіне де қолданады. ҚС шешендік өнер поэтикасының көп қолданылуы сондықтан. Ортага күрделі ойды тастау, оны ұғуға женілдету үшін ой, мақсаты, мазмұны айқын жіктерге бөлу, болмаса жауабы дайын, дау туғызбайтындау сұрақтарға жүйелу. Сол арқылы сөзін тыңдаушыға мойыннату. Мысалы, бірінші, екінші, ушінші, төртінші т. б. сөздер құралымын қаранды.

Абай ҚС поэтикасы туралы айтқанда басты назар бұл сөздердегі тілдік элементтердің орналасуы мен қарым-қатынаска түсінің өзіндік ерекшеліктерінде болуға тиіс. Мысалы, ойды жеткізуде образды тіркестер, сөйлемдер калай пайдаланылады. Осы қолданыстан қандай авторлық мақсат аңғарылады. Оған авторлық идея, эмоциялық талғам қатыса ма?

Оның шығарма мазмұнындағы ролі қандай? Мысалы, он алтыншы сөз мәтінін толық келтіріп, шығарма поэтикасын толық аңғарту үшін, қысқа, көлемі шағын сөзді әдей таңдал алып отырымыз («Қазақ құлшылығым құдайға лайықты болсын деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып жығылып тұрса болғаны. «Саудагер нессесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» — дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда, қайдан үйрене ала-мын» дейді. «Окымадың демесе болад тағы, тілімнің келмегені қайтушы ед» дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлек жаратылып па?») Осындағы бірінші, екінші сөйлемдерді алайық. Негізгі ой «құлшылықтың құдайға лайықты болуы», әйтеуір «жұрт қылғанды қылу» емес. Алайда, оған қам жеп, дінін тазартып, тілін жаттықтырып жатқан қазақ жоқ. Оған жұрт қылғанды қылса жетіп жатқандай. Автор қазақтың осы әрекетін, оның тұрмысындағы

өзге бір әрекетпен салыстырады. «Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсан – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағалаңы дәл сол саудагердей қыламын дейді». Қазақтың дінгеге қатысын көрсететін қазакы ойын береді». Білгенім осы, енді қартайғанда қайdan үйрене аламын... Оқымадың демесе болад тағы, тілімнің келмегенін қайтушы ед». Қаламгер кейіпкер сөзі арқылы тек қана мазмұнды жеткізіп тұрган жоқ. Сөздер астарында оның сенімге деген құлқы да көрініп тұр. Соңғы сұраулы сөйлемде «оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?» осы құбылысқа автордың идея-эмоциялық бағасы (түсінбеу) беріледі.

ҚС көркем проза бірліктерімен өлшеуге да болады. Алайда, оның бәрінен характер, сюжет үлгілерін іздеудің кажеті жоқ. Автор ойының көркем мазмұнға айналу тәсілдеріне тоқталса да жетіп жатыр. Осы процеске автор сезімі мен бағасының мол арасасуы кейбір типологиялық жайларды көрсетеді.

Абай шығармаларының көркемдігі оның өзегіндегі парасатты ой, перзенттік сезім, азаматтық пафос пен көркем мазмұн, тұр үндестігінде. Оның шығармаларының поэтикалық бітімі осыдан туындаиды. ҚС өзегіндегі ой-тебіреністерді автор мұлде еркін жазады. Белгілі бір тұр, пішін, стильге жалтақтамайды. Бұдан, мұлде өзінше кетеді, деген пікір де туындауға тиіс.

Абай өлеңдерінің мазмұнға сай еркін ұлгіге ұмтылу тәжірибесі аз кездеспейді.

ҚС үлкен тобы исламият, шаригат қағыдалары мен таным, дидактика мәселелеріне арналады. Мысалы, ғибадат (12), Иман (13), кітаб – тастих (38), бала қоюту (25), ақыл (15), еске сактау (31), талап (32), (44), жан қуаты — тән қуаты (43), т.б.

Қарасөздер тәрізді түбегейлі танымдық ой-толғамдарын тәреңіне тартатын шығармалар тиісті ұғым категорияларды бейнелейтін сөз, сөз тіркестерін, тиісті терминдерді керек етеді. Ал XIX ғасыр сонында, әсіресе, саяси, қоғамдық, әлеуметтік, моральдық, этикалық категорияларға айналған ұғымдарға тиісті терминдер аз болатын. Дәстүрлі қазақ прозасының этикетті түрі, кітаби-туркілік тілі, оның лексикасы мен синтаксисі, ауыз әдебиеті туындыларының стильге түскен ұлгілері, мерзімді баспасөзде

жарық көрген публицистикалық мақалаларда қолданылатын бейнелеу құралдары ҚС мақсатын өтей алмайтын еді. Онда қозгаластын тақырыптарға қатысты категория, ұғымдарды бейнелеу үшін Абай соны сөз тіркестерін пайдаланады және мейлінше көркем, бейнелі түсіндіреді. Мысалы, жансыры, жанкуаты, жан құмары, жан жарығы, жан тамағы, жан тұрағы, тән қуаты, тән азығы, тән құмары, жанының жибили қуаты, алланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, хақиқат жолы т. б. Мысалы, Абайдың ең қысқа төрт, бес қарасөзіндегі курделі ұғымдарды ұқтыру бағытында пайдаланатын сөз тіркестеріне үніліп көрелік.

Он екінші сөз: ғибадат қылу, толымды ғибадат, ғибадатқа ғылымы жету, иманның иғтиқатын (нану, сену) махкамлемек (берік, мықты сенімді), иманның көмелет табуы, күзетшісіз, ескерусіз иман. Он алтыншы сөз: құлшылықтың құдайға лайықты болуы, дінін тазарту; Он тоғызыншы сөз: салғырттанып есту, ұйайын деп тұшыну; Жиырма төртінші сөз: жұрт тану, өнерді өрістету. Қырық бесінші сөз: ғаделет, махабbat құдайға лайық, алланың хикметі, адамшылықтың алды т. б. Осы тіркестердің қайсысы да қоғамдық сана үшін жаңа ұғымдарды білдіретін тіркестер еді. Абай поэзиясының тілі мен қазақ әдеби тілі арасындағы байланыс, өзара ықпал біршама зерттелді. Алайда, қоғамдық ғылымдар мен көркем проза байланыс, оны қалыптастырудагы Абай ролі жеткілікті деңгейде зерттелді деп айтуда болмайды.

Кез келген елдің қоғамдық санасының жоғары сатыға көтерілуінің күесі оның қоғамдық, көркем әдебиетінде ғылыми, эстетикалық ұғымдар жүйесінің, терминологияның қалыптастырылуы. Мұны қазақ қоғамдық санасында Абай есіміне қатысты ғана айтуда болады. Психология, мораль, этика, эстетика, дидактика т. б. ғылымдарға қатысты терминдік ұғымдарды – терең толғамды категориялық ұғымдарды – бейнелеуде Абай тыңнан жол салды. Адамның ішкі жан дүниесі, рухани өмірі, сыртқы болмыс, жаратылыс, адамзат, қоғам т. б. қатысты қоғамдық сана үшін аса қажетті ұғымдарды Абай қазақ тілімен жеткізеді, олардың тереңдігі мен мағынасына нұқсан келтірмейді.

ҚС қоғамдық ғылымдар терминдерінің бастауы, әсіресе, маңыздысы оның жасалу принциптерін, жолын, моделін көрсетті.

Қоғамдық санада замана қажетіне орай құрдел ұғымдарды, құбылыстарды жеткізетін термин, тіркестер қажеттілігі әр кез пайда болады. Абайдан бұрын да, кезінде де қазақ қаламгерлерінің талайы бұл қажеттілікпен беттескен. Алайда, олардың бірде-бірі Абай деңгейіне көтеріле алған жоқ. Бұл қажеттілікті олар араб, парсы, татар, орыс тіліндегі терминдерді каз қалпында қолдану, болмаса аударып алу арқылы шешті. Осы тәсілді Абай да қолданды.

Сондыктан да ҚС тіліндегі өзге стильтар құралдарының кездесуін талғамсыздық, ұқыпсыздық ретінде қаруаға мүлде болмайды. Өйткені осы сөздерінде Абай қазақ әдеби тілін, қоғамдық-саяси әдебиет, ғылым тілін биікке көтерді. Оның лексикасы мен синтаксисінің жаңа үлгісін қалыптастыруды. Дінге, исламиятқа қатысты шығармаларында кітаби-туркі құрылымдарын, оның әлемштепен лексикасын байқап көреді, ретінде қарай пайдаланды. Тебіреніс пен толғаныс сезімді еркін баяндау үлгісін, әдіс, тәсілдерін қалыптастыруды. Ұғуға ауыр, түсініксіз ұғымдарды жеткізуді қолға алды. Осындай шаралар арқасында қоғамдық-саяси әдебиет тілінің бұрын халықта түсініксіздеу терминдері, қабылдауға қыын ұғымдары біртіндеп орныға бастады.

Абай қоғамдық ғылымдарға қатысты талай терминдердің біразын өзіне жақсы таныс шығыс ғұламаларының енбектері мен діни әдебиеттен, батыс ойшылдарының шығармаларынан алғып қана қойған жоқ, сондай-ақ қазақ тілі мүмкіндігін де пайдаланды. Шығыс, Орта Азия, діни әдебиеттен ауысқандарын жогарыда айттық. Орыс тілінен енгендегі: партия, уголовный, дознание, кандидат, образование, уездной начальник, военный губернатор, назначения, старшина, посредник, икра (балық уылдырығы. – З.Б.), миллион, машина, фабрика, подвижной элемент, сила притягательная однородного, впечатлительность сердца. Бұл сөздерге қарап отырсақ, олардың біразы қазақ тіліне бұрын енген: партия, старшин, миллион, машина, фабрика, т. б.

ҚС көптеген терминдер зан, құқықта қатысты ұғымдарды білдіру үшін алынса, біразы – саяси-әкімшілік құрылышына, өндіріс, ғылым жайларына қатысты терминдер. Осындағы кейір сөздердің орысша баламасы Абай кезінде де белгілі болған, мы-

салы «образование», алайда, Абай оны орыс тіліндегі үлгісін пайдаланады.

Абайдың қазақ сөйлемі жүйесіндегі «бөтен» сөздерге аса сақтықпен қарағаны, ойланып, толғанып қолданғаны белгілі. Алайда, ҚС бұл принципке басқашалу келеді. Басты себеп эстетикалық объект ерекшелігінде болса керек. Академик Қ. Жұмалиев атап көрсеткендегі, Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің жалпы саны 374 болса, оның 262 қара-сөздерінде кездеседі екен. Ендеше, мұның өзі де бұл қолданыстардың мақсатты сипатынан хабар береді. Аңғара қараған зерттеуші оның, негізінен, категориялық, терминдік ұғымдарды бейнелейтін сөздер екенін байқайды. Араб, парсы, түркіден енген сөздер, негізінен, дінге қатысты шығармаларда көп қолданылады.

ҚС поэтикасының ерекше сипат алуы негізінен дінге қатысты сөздерінде. Исламият, дін туралы жаза отырып, оның терминдерін пайдаланбау мүмкін емес. Онда кездесетін көпшілікке түсініксіз ұғымдарды талдау, үзінділер келтіре отыра тәптіштей түсіну, Абай ойларының образды сипаты осы күрделі түрге әкеледі. Мысалы, публицистика мен көркем прозада жазған қазақ қаламгерлері кітаби-түркі, татар тілі ықпалы бар үлгісін ұзай алмады. Олар ауызекі тіл негізінде бірер мақала, материалдар жазып, халық прозасы үлгілерін стильге түсіре жарияладап отырды. Алайда, бұл шығармаларда ҚС байқалатын мазмұндық терендік те, эстетикалық көркемдік те жоқ. Халық прозасын стильге түсіру арқылы сюжетті шығармалар жарияласа, сюжетсіз материалдарды жсткізуде баяндауды, дидактикалық үлгіні ұстанады. Көркем прозага тән қажетті компоненттердің эстетикалық қызметі көп жағдайларда қаламгерлер назарынан тыс қалып отырды.

Мұның объективті себептері бар. Қазақ қаламгерлері көркем прозамен, қоғамдық әдебиет, ғылыми шығармашылықпен бірыңғай айналыспаған. Қоғам өмірінде белен ала бастаған келелі тақырып, проблемаларға мақала жазу барысында мерзімді баспасөз бен ауызекі әңгімеде халық прозасында қалыптасқан үлгілерінен ұзамаған.

Абай Қарасөздерінде философиялық, моральдық, этикалық, педагогикалық, діни тақырыптарға толғаныс процесі үстіндегі

басты ойға өрілген сезім өрнектері де шебер бейнеленеді. Мысалы, «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді осы жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын қөрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып еткіземіз. Соны таба алмай өзім де қайранмын» (Бірінші сез).

Накты эстетикалық объектіге қатысты ой-пікірді жеткізу, жазу процесіндегі, толғаныс үстіндегі автор эмоциясын жеткізу – қарасөз поэтикасының басты элементтерінің бірі екенін айттық. Жоғарыда жазғанымыздай, қоғамдық санаға қатысты түрлі ұфым, категорияларды түсіндіруге арналған сөздерге, дәйектемелерге көркемдік сипат дарытатын да осы автор эмоциясы, эстетикалық объектіге идеялық, эмоциялық баға. Кей сездердің көркем шығармаға қатысы да осы идеялық-эмоциялық бағадан, оның образды сипатынан туындаиды. Шығармашылық үстіндегі психикасында жылт ете қалған әр әсерді қаламгер дыбыс, сез, сөйлем арқылы көркем бейнелейді. Моральдық, этикалық, педагогикалық, діни тақырыптағы сөздерге көркемдік сипат осылай дарида.

Абай ҚС бір тақырыпқа әлденеше оралып отырады. Әсіресе, моральдық, этика, дін тақырыбына. Демек, қаламгер осы тақырыптар бойынша үзіліссіз ой, толғаныс үстінде болған. Оны үнемі жана қырына көріп, астарларын ақтарған, терендеткен, жаңа сырларын аша түсken. Мысалы, күлкі, қайғы, бірлік тақырыптарында бірінен-біріне өтетін ой сабактастық байқалса, «Сократ хакім сезі» мен «Кітап-тастіх» араларында идеялық байланыс бар.

Көптеген сөздерінде Абай мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді пайдаланады. Аз сөзben көп мағына беруі әрі халыққа түсінікті, әсерлі болуын, бейнелі, эмоциялы табиғатын Абай шебер пайдаланады. Оларды мақсат-мұддесіне орай тандай ала отыра мұнда көркем түрде образды жинақталған философиялы ой-пікірлерді талдайды. Мысалы, «бірлік пен тірлікке» қатысты мақалдарды талдайтын алтыншы сез.

Отыз жетінші сезде Абай мақал-мәтелдері белек беріледі. Бұл, Абайдың ойлануға болашақ шығармаларында пайдалануға да-

йындаған материалдары ма, болмаса табан астында тауып айтқан ұшқыр ойлары ма, әйтеуір терең ойлардың көркем кестесі.

Абайдың шешендік сұрау үлгісінде берілген қырқыншы сөзі де осындаған ойларға жетелейді. Төңірегіндегі ақылға сыймайтын (парадоксті) сипатты мінез-қылықты, іс-эрекетті сұрай арнау арқылы даралай, айшықтай, айқындаған көрсетеді.

ҚС біразында осы сұрай арнаудың шешендік сұрақ терізді үлгілерін Абай көп пайдаланады. Мысалы, «Осы ақылды кім үйренеді, насиҳатты кім тындейды» (8), «Осы мен өзім – қазак-пын, қазақты жақсы көрем бе, әлде жек көрем бе?» (9), «Біреулер құдайдан бала тілейді, ол баланы не қылады?» (10), «Осы елдің үнем қылып жүргені немене?» (11), «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма?» (14), т. б.

Абай қарасөздерінің поэтикасы автордың мақсаты мен идеясына тұрақтысты. Ендеше, кілт бірінші сөзінде бар тәрізді. Көптеген зерттеушілер солай қабылдайды да: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байланым, енді бұдан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Бұған сүйенсек ҚС автордың жеке күнделігіндегі жазбалары тәрізді. Назарын аударып, ойға батырған, толғантқан мәселелерді жазып, өзінше ой корытып, талдап отырады. Құмәнданады, толқыйды, қиналады, шамырқанады. Өзімен-өзі сырласып заман мен адам өмірінің келелі сұрақтарына жауап іздейді. Мысалы, бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, тоғызыныш т.б. сөздер. Бұлардың біразы жанрлық сипаты жағынан әссеge келіңкірейді (Өзге жанрларға тән құрылымдық, мағыналық белгілері бар сөздерді қоспағанда. Олар туралы жоғарыда біраз айтылды).

Әссе жанры бағзы замандардан белгілі болса да XIX-XX ғасырларда қоғам қайраткерлері, жазушы, философтар, ғылым мен қоғамдық санадағы жаңалықтарды көпшілікке жеткізу үшін осы жанрды аса көп пайдаланады, Әссе – автордың эстетикалық обьектіге субъективті көзқарасын, әсерін жеткізетін, тым тәрендік пен ақиқатты мақсат қылмайтын, еркін композицияда жазылатын, шағын прозалық шығарма. Сондықтан да ол – жаңа сөз.

Әдette, бұл жанрда философиялық тарихи, әдеби сын, ғылыми-көпшіліктік, беллетристикалық сипат мол болады. Эссе образдылық, афористік және ауызекі сөйлеу тілі лексикасын, мәнерін сақтайды. Бұл жанр автордың дара дүние танымына, жеке көзқарасына сүйенеді, соны алға тартады, соны жеткізеді.

Эссе жанрында А. Пушкин, Гейне, Дидро, Гердер, Достоевский, т. б. жазған шығармаларды Абац көніл қоя оқыған.

Ішкі монолог тәрізді, қalamгердің өзіне бағытталған болма-са парасатты адаммен сырласу үлгісінде жазылған сөздер, өзіне ойтұрткі болған мәселелерді талдай әңгімелесу, кейбір маңызды мәселелерді диалог тәрізді жазу ҚС поэтиксіның күрделі сипатын туғызған. Осыдан барып оның шығармаларының адресаты да көркемдікке аз әсер етпейтінін байқауға болады, Төменде біз олардың негізгілерін атап көрсетеміз:

- Оқырмандарға тікелей арналатын шығармалар. Мысалы, «Ей, мұсылмандар!» (28), «Ей, жүргімнің қуаты, перзентерім» (38), «Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар» (40), т. б.
- Шәкірттеріне, оқу, өнер, ғылым жолын қуған жастарға, дін негіздерін, шаригат қағидаларын, құран хадистерін, исламият пәлсапасын білгісі келген жандарға арналғандары. Мысалы, он тоғыз, отыз бір, отыз екі, қырық үш, қырық төрт, т. б.

Ерекшелік бұлардың әрқайсының ой-мұрат мазмұнында ғана емес, көркемдік кестесінде бар.

Эстетикалық объект таңдауда және оны көркем мазмұнға айналдыруда, идеялық эмоциялық бағалауда Абай жемісті пайдаланған бірер әдістер бар:

- Тақырып ретінде сол кездері қазақ қоғамында таныла бастаған, белен алған бір құбылыс алынады. Ол өзге елдердегі құбылыстармен, авторға мәлім дерек мәліметтермен салыстырылады. Идея – эмоциялық тұрғыда бағаланады. Мысалы, екінші сөз – қазақ өзге халықтар тірлігіне күледі; үшінші сөз – қазақ бір-біріне касқунем, дау көп, тыныштық жоқ, мұны тоқтату үшін оқыған адамдарды билікке тағайындау қажетті; жиырма төртінші сөз – жер бетінде екі мың мил-

- лионнан артық халық бар ... үш миллионнан халқы артық қала бар, дүниенің басы-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр ... біз не көрдік?; Жиырма бесінші сөз- балаларды оқытқан жақсы. Түркілік оқу, орысша оқу; отыз үшінші сөз – мал керек болса қолөнер үйренбек керек; отыз сегізінші сөз – кітап-тастых; отыз тоғызынышы сөз – бұрынғы балалар жақсы мінезін ұмыттық, т. б.
- Жалпы адами проблемалар, этика, мораль, психологиялық проблемалары қозғалады. Оның қазақ қоғамындағы көрініс түрлері бейнеленеді, талдау жасалады. Мысалы, бесінші сөз – күлкі, алтынышы сөз – бірлік, он сегізінші сөз – кербездік, он тоғызынышы сөз – естелік, жиырмасынышы сөз жалығу, жиырма бірінші сөз – мақтан, т. б.

Абай ҚС қазақ қоғамы алдындағы келелі проблемаларды қозғайды, оған автор идея-эмоциясын көркем бейнеледі. Абай өзі таңдал алғып отырған тақырыпты жүйесіне орай түрлі бөліктерге бөледі де соларды ұтымды қылу барысында эпитет, теңеу, метафораларды үйіп-төгіп қолданбай-ақ әсерлі нәтижеге жетеді. Міне, осы эстетикалық объект құрамындағы түрлі бөліктер сипаты, өзара үйлесімі орналасуы Абай қарасөздерінің поэтикасына әкеледі.

Эстетикалық объект құрамындағы бөліктер өзара үндесе, тұтаса келе көркем мазмұнды жан-жақты ашып қана қоймайды, соған қатысты Абай ой сезімдерін де жеткізеді. Бір есте болатын жай, өз ойларын, қатысын бейнелеуде Абай өз пікірлерін даусыз аксиома, ақиқат түрінде емес, жеке өзінің ой-толғанысы, тебіренисі ретінде жеткізеді.

ҚС көркем мазмұнда автордың эстетикалық объектіге идеялық-эмоциялық бағасы және Абайдың азаматтық, гуманистік пікірлері де аз роль атқармайды. Соңдықтан да бұл әсерлер тұтаса келе шығармаға дара мазмұн береді.

Көркем туындыға айналған эстетикалық объект бөліктерінің әр-қайсысындағы авторлық ой, эмоция өзгеріс үстінде бейнеленеді. Осы әсерлер авторлық дүниестаным, эстетикалық көзқарас елегі мен көрігінен өтіп, алғашқы болмысынан өзге бір түрге түрленеді. Осы процесте ол қаншама өзгеріске ұшыраса да басты объектімен көркем мазмұнға сәулесін түсіріп, айқындаиды.

Абай Қарасөздер арқылы өз сезімін жеткізуді, оған назар аударуды мақсат кылған емес. Онда байқалатын сыр, тебіреніс, сезім өрнектері творчестволық процесс үстінде луп ете қалған сезім ағынымен ұндастікте бейнеленеді. Оның образды сипатта берілуі, әрі ҚС поэтикасында басты роль атқаруы негізгі ерекшелігі болып табылады. Автордың тебіреніс үстінде ағылып жатқан ойларға, соларды жетелеп журген құбылыстарға деген бағасы, қинаулы, ашуы, кекесін-мысқылға келуі, толас табуы, ойға шомуы т. б. оқырманға жетуі ҚС поэтикасының басты ерекшеліктерінің бірі.

Демек, Абайда алдын ала белгілі ақиқат-аксиома сипатты шындыққа ұмтылу жоқ. Мысалы, тіпті оқу, өнер туралы ойлары на күмәндану да бар.

Мысалы, бірінші сөзде. Бұл Абайдың өз заманындағы ағартушышық, демократтық, дидактикалық ағымдағы тұстастарынан басты айырмашылығы. Осы айырмашылық ҚС дара поэтикасын туғызады. Ал ҚС көлемінің шағындығы мен құрылым, тілінің қүрделідігі артында адамзат қоғамына қатысты ірі ойларды көтепе білген Абай қарасөздерінің көркемдік жүйесі жатыр.

3

Абай қара сөздері негізінен сюжетсіз шығармалар екені белгілі. Сондықтан да онда келісті тұстастық пен көркемдікке жеткізіп тұрған композициядағы шеберлік. Нақты сөз құрамында дербестік сипаты бар әр бөліктің ой мен мазмұнды ашудағы қызметі, орны әртүрлі. Олардың орналасу, байланысу композициясы т.б. автор эмоциясына да қатысты. Оның себептері ретінде түрлі фактілерді көрсетуге болады. Мысалы: автор қолына қалам алып жазуға отырған кездегі оның төнірегі, объективті, субъективті жағдайлар ҚС көркемдігіне, идея-эмоциялық бағаға, көркем мазмұнға да әсер етеді. Алайда шығарманың көркем мазмұнын жасау үшін бір типті шығармашылық қызметте автор ойланбай қолданатын (автоматты денгейде) әдіс пен стильдің болатыны да жоқ емес. Үніле қараған зерттеуши оның құрамындағы осы көзтансыс үлгіні жаңылмай-ақ табар еді. Кейде авторға қозғау салған

уақыға мен сыртқы әсердің (белгілі бір әдебиеттің де) жаңа көркем мазмұнға тиісті дәрежеде үлгі болуы мүмкін. Сондыктан да Абай ҚС шағын жанрларда жазылса да оның кейір топтарына тән стильді, бірлікті, бір пафос пен мақсатты, одан туындастын композицияны көргөзу болады.

ҚС-дің бір ғана жанрда жазылған шығармалар екенін оны зерттеушілердің бәрі де көрсетеді. Мысалы, Абайдың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері тізбесі тәрізді берілген отыз жетінші сөз, шешендік сұрау үлгісінде құралған қырқыншы сөз, мақал-мәтелдер мазмұның талдауға арналған алтыншы, жиырма тоғызыншы сөздер, халық прозасын (діни аңыз, ертегі) мақсатқа орай стильтеге түсіре қолдану- он жетінші, отыз бесінше сөздер, аударма немесе нәзиralық шығарма – жиырма жетінші сөз, тағсирлік, тастихтық үлгіде берілетін отыз сегізінші сөз, тарихи мақала қырық алтыншы сөз, оқу мен таным шарттарын түсіндіретін дидактика, ғылыми мақала сипатты он тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, қырық төртінші, публицистикалық стильдегі үшінші, отыз үшінші т.б. сөздер. ҚС-де бір сөз ішінде түрлі жанрға тен элементтердің кездесуінің табиғилығы сонша оларды ажырату өте қыын. Мысалы, бесінші сөздің тақырыбы-қайғы. Ал осы тақырыпты ашу, қозғау мақсатында Абай қазақ мақал-мәтелдерін үйіп, төгіп пайдаланатыны соншалық, бір қарағанда осы сөз қайғы тақырыбына арналған мақал-мәтелдерді талдауға арналып отырған жоқ па деп қаласың. Сол тәрізді, отыз сегізінші сөзде де мақал-мәтелдер, нақыл сөздердің көп қолданылатыны соншалық, кейде олар жеке тізбе тәрізді қатар-қатар келтіріледі. Бұл сөзде таным мен дидактика, философия мен исламият шарттарын, ұғым категорияларын талдайтын ғылыми мақала, публицистикалық стиль де кездеседі. Абай қырық алтыншы сөзінде де мақал-мәтелдерді тарихи дерек, (жер, су, ел, адам атаулары сақталған), ұлт психологиясын, дүниеге көзқарасын мораль, этика таным туралы түсініктерін, философиясын жеткізетін шығармалар ретінде пайдаланады. Абай оларды өзі таңдалап отырған тақырыпқа тән ұғым, ой-пікір негізі ретінде алады, сол тәсіл арқылы көпсөзділіктен құтылады.

Абай ҚС-нің құрылышы туралы ойланғанда есте болатын бірнеше жайлар бар. Бұл шығармалардың көбі көтеріп отырған проблемаларын қозғаумен ғана шектеледі. Соңдықтан олардың эскиздік, эссеңік сипатын да жоққа шығаруға болмайды. Алайда бұл автордың әдейі қолданып отырған тәсілі болуы да мүмкін. ҚС-де кейбір мотив пен тақырыптар желісінің бір сөзден бір сөзге етіп түйінді ойлардың тарқатыла баяндалып отыратыны белгілі. Мысалы, исламият, таным, өнер, ғылым т.б.

Бұл шығармалардың жазылу жылдарын анықтаудың маңызы өте зор. Қазіргі реттік саны 1933 жылғы М.Әүесов қолданған қалпында жалғасып келеді. Мұнда да ойланатын жайлар бар. Мысалы, сөздердің орын тәртібінің белгілі бір шартқа негізделмеуі, кей сөздердің біріктіріліп бір сөз тәрізді берілуі, кейде ажыратылуы (он тоғыз, отыз бірінші сөздер), т. б.

ҚС-дің идеялық мазмұнына ойлана қараған зерттеуші оның түрлі жағдайларда жазылғанын да анғара алады. Бірі бүрк еткен сөзім әсер жетегінде ағылған ойды бейнелесе, екіншілері – ұзак тынымсыз, тебіреністі ой, толғаныс нәтижесі. Отыз сегізінші ҚС-де қозғалатын көптеген мәселелер бар. Әсірессе, дін, исламият философиясы, таным туралы түсінік, этика, мораль, қоғам, адамзат, т.б. Бұл сөздер бірер күннің туындысы емес. Сөздің құрылымы мен композициясында оқшаулау тұрган бөліктер де кездеседі. Мысалы, шығарма соңына таман берілетін мақал-мәтел, нақыл сөздер тізбесі соңындағы намаз оку рәсімін үйретуге бағышталған бөліктер, т.б.

ҚС композициясын құрайтын бөліктерде түрлі әлеуметтік топтардың ой-мақсаты мен іс-әрекетін суреттеуде көркем әдебиет құралдары аса дәлдікпен шебер пайдаланылады. Мысалға, бесінші сөзді алайық. Тақырып – қайғы. Адам атаулыға тән психикалық күй. Шығарма негізіне осы күйдің қазакы түрі, қазақ қоғамындағы бір ғана көрінісі алынады. Түйін-тезис, қазақ қайғысы-мал. Негізгі ойды жеткізуде Абай қазақ арасындағы тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді пайдаланады. Оларды топтай, қатар-қатар тізбелей алады. Оны осы сөз құрамында бір ғана бөлшек тәрізді тұтастыққа қолданады. Бұл өте қыын тәсіл. Өйткені бір тақырыпты қозғайтын мақал-мәтелдердің әркайсысында алуан түрдің ой-дың, астардың болары анық.

Енді осы сөз құрылымының түрлі бөліктеріне көз жіберіп көрелік. ҚС-дің көбіне тән әдісті мұнда да ұшыратамыз. Шығарма басында осы психикалық құй-қайғы көрінісінің типологиясы образды бейнеленеді. Көкірек торлаған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, көзден жас болып ағады. «Абай нақты жағдайда қазақ аузынан сөз болып ағатын пікірлерді мақал-мәтеддер арқылы береді. «Ә, Құдай, жас бала-дай қайғысыз қыла гөр» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Осындағы қайғы «көзден жас болып ағады», «я, тілден сөз болып ағады» – деген бейнелі тіркестер қазақ әдеби тілінде Абайға дейін кездеспеген аса бейнелі метафоралық қолданыстар. Енді автор осы көрініске, тілек тілеп отырған адам қылығына талдау жасайды. Өз эмоциясын бір сөзben жеткізу арқылы қазақ қайғысының бөлек түрін аңғартады. «Онысы – жас баладан гөрі өзі есті болып, ескермес нәрсесін жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны». Автор моральдік ренкі бар қосымшалар арқылы сөзі мен ісінің арасындағы алшақтығы мол әлеуметтік типтер сыртқы көрінісінің жалғандығын, оның ниетінің шындықтан мұлде шалғай жатқандығын анғартады. Шығарма көркем мазмұнына авторлық кекесін қосылады. Қазақ қайғысы – тыныштық, ғылым, білім, әділет емес – мал. Мал табу жолында қазақ әділет іздеп, енбектеніп басын катырып жатпайды, жол, әрекет те талғамайды. Жауласу, ұрлық, құлық, сұмдық, т.б. қазақ қоғамында бар пікір-ниеттің, ақтамақ болатын идеологияның тұрпайылығын әшкерелейді. «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», т.б. Сөз соңындағы – бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? – деген сұраққа талдау жасай отыра, қасиетті мал деп үккән әлеуметтік топтың ар-жұтттан безген сұрқия құлқын оқушы санасына әсерлі жеткізеді.

ҚС композициясында жиі қолданылатын құрылымдық бір әдіс бар. Абай көптеген шығармаларының басында-ақ қолына қалам алғызған, ойға бастап тебіренткен тақырып төнірегіндегі шығармасын бірден сұрақпен бастайды не болмаса, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» тәрізді салмақты ойдан бастайды. Біртінде осындағы ойлар мен өзін ойлантықан сұрақтар желісін тарқата отыра оған жауап іздейді, ойлары мен пайымдауларының

негізіне тартады. Мысалы, (жақша ішіндегі сандар сөздер ретін көрсетеді) «Осы ақылды кім үйренеді насиҳатты кім тыңдайды?», «Мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?», «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» (10), «Осы елдің үнем қылып жүргені немене?», «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?», «Қырқын мінсе, қыр артылмайтын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды?», «Зиннар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар». Бұл сөз түгелдей сұраққа арнала құрылған оның мазмұны мен поэтикасында өзге мақсат, тәсіл бар», т. б.

Енді осы тәсілдің құрылымына тоқталайық. Сегізінші сөз сұрақпен басталады. «Осы ақылды кім үйренеді, насиҳатты кім тыңдайды?» Бұл автор толғанысының объектісі – тақырып. Бір қарағанда жауап онша алыста емес те тәрізді. Ақылды кім тыңдамайды?! Алайда мәсселе басқада. Бұл сұрақта шешендік толғам, ойлыны тоқтататын астар бар. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың тақырыпқа қатысты пікірін олардың іс-әрекет, мінез-құлықтарымен қабаттастыра баяндау арқылы мінез-құлықтарын ашады.

Бірінші топ – болыс, билер: «Олардың ақыл үйренейін, насиҳаттың деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өзі де озық кісіміз, өзіміз біреуге үлгі беріп ақыл айтамыз деп сайланады. Өздері түзеліп жеткен соң, енді ел-елді түзөрлігі-ақ қалған».

Екінші топ – байлар. Өзінде жоқты малменен сатып алады... оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал. «Бар ой, пиғылы, әрекеті соған қатысты, соның артында болған соң өзгеге қолы тимейді». Текст астарындағы кекесінді аңғармау мүмкін емес.

Үшінші топ – ұры-залым, сұм-сұрқия өзі де тыңдамайды. Әділет, адалдық аулынан алыс қылықтың иелеріне лайық бағатұжырым осы.

Төртінші топ – «онша-мұнша қой жұнді қоңыршылар күнін де көре алмай жүр. Оның өзгемен ісі жоқ, ана алдыңғы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұны болмаса керек», – деп қана ойлайды.

Ойлана қарағанда қазақ қоғамында ақыл-насихат айтуға болатын да, сөз тыңдайтын да топтар, адамдар баршылық. Иманды дін иелері мен қазақ зиялышарын былай қойғанда оқушы жастар мен Абай шәкірттерінің өзі қашшама! Абай оларды тіпті атамайды да, неге? Ендеше сөз объектісін тандап алуда ақыл тыңдауды тіпті қажет деп те таппайтын топтарды, қазақ қоғамының ілгері жылжына кедергі бол отырған топтарды әдейі алып отыр. Абай мақсаты – ақыл айту емес, ақылды қажет деп таппайтын топтар тірлігі мен іс-эрекетін сынай, көрсету, жай көрсету ғана емес, кекесінге орай бейнелеу. Алдыңғы екі топқа қатысты Абай олардың ақыл тыңдауға уақыты жоқтығын айтады. Сондағы олардың құлықтары мен тірлігінің түріне қараныз: Би болыстар: «басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы бол қаламыз ба, яки елдегі бұзакыларымызды бұлдіріп аламыз ба, яки халықтарымызды бұлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындан шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба?». Абай олардың басындағы жүйесіз, керегар ойларын, бейнелеу арқылы орныман түсіп қаламын ба, ұлыққа жазып қаламын ба, шығындан қалам ба деп зәресі-берекеті кеткен жандардың көркем бейнесін жасайды. Байлар: «олар бір күн болса да, дәulet қонып, дуниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көнілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнэрсе малдан қымбат демейді. Мал болса құдай тағаланы да паралап алса болады» дейді. Оның діні, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі-мал. Келтірілген үзіндіде Абай қазақ арасындағы әлеуметтік бір топты тұра мінездеп қана тұрған жоқ, оның бір сәттік бейнесін суреттеу арқылы оған құбылмалы бояулар да косып отыр («көздері көкте, көнілдері аспанда»).

Абай қарасөздеріне терендей үңілген парасатты оқырман оның ой өзегі, өрнегін құрайтын поэтикалық өрімдермен қатар, ғұлама тұлғаның сезім, сырларына жолығады. Ал оның бейнелеу тәсілдері мен сөз сырларында қас қағым сәтте құлпырып, құбыла ойнап тұрған сәулелі сезім нұрын көркем бейнелей алған шеберлік құдіретінің бары анық. Абай қара сөздеріне қатысты ендігі зәру мәселенің бірі – осы сәулелер нұрына, спектріне, шұғыла-сына талдау жасау, оның поэтикасының өіндік сырын, құпиясын,

өрнектерін бұғінгі әдебиеттану ғылымы жетістіктері түрғысынан әдіс-тәсілдерді қолдана отыра, терендей зерттеу.

Әдебиеттер:

1. Өуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1979. – 20-том.
2. Өуезов М. Абайтанудан жарияланбаган материалдар. – Алматы, 1988.
3. Өуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1979. – 18-том.
4. Тәжібаев Т. Философские, психологические педагогические взгляды А. Кунанбаева. – Алматы, 1957.
5. Бисенгалиев З. ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы, 1989.
6. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1977. – 2-том.
7. Құрманбаев А. Қазақтардың айт ішіп, жан бергені хұсасында // «Дала уалаяты» газеті. – 1894. – №11.
8. «Дала уалаяты» газеті. – 1894. – №7.
9. Әлжанов О. Бақсылар, дуаналар // «Дала уалаяты» газеті. – 1894. – №36.
10. Сыздықова Р. Абай елеңдерінің синтаксистік құрылышы. – Алматы, 1970.
11. Әмірәлиев Қ. Абай афоризмдері. – Алматы, 1993.
12. Салғарин Қ. Таным баспалдақтары. – Алматы, 1993.
13. Байтурсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.

VIII тарау

АБАЙ ШЫГАРМАШЫЛЫГЫНДАГЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ РУХАНИЯТ АРНАЛАРЫ

1

Хакім Абай бастапқы тұстан-ақ: «...өз сөзім – өзімдікі», – деңгенді анық айтып, келесі кезектегі мақсат-мұраттарын айқындаپ, осы бағыттағы ұстаным-көзқарастарына мықтап табан тірейді. Көрген-білгенін, танып-түстегенін ақыл-көрігінде қорытып, таразыға салады [1, 270]. Әсіресе, адам-пенденің жаратылысына, табиғатына таңданысын жасыра алмайды. Өмірін, уақытын босқа өткізу, еңбегін-кәсібін бағаламау, білім-ғылым, тәлім-тәрбие ісіне мән бермеу, т.с.с. ақиқатын айтып, бағасын беріп, маңызын ашады. Қысқа ғұмырдың алдамшы, өткіншілігіне де қапа болады. Баянсыз, тұрлаусыз сиқына бас шайқап, іштен тынады. Оның мән-мәнісін былай білдіреді: «...бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айқастық, тартыстық-әурешілдікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылыш жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік...» Бұған қоғам, өмір, тұрмыс-тірліктен мың сан дәлел-деректерді тілге тиек етеді. Адам мен оның өміріне, еңбек мұраттарына терен мән береді. Келер күнге – келелі келешекке үміт көзімен қарайды.

Алдағы өмірге барлау, талдау жасайды. Адам мұраты, ұлттық құндылықтар, жалпыадамзаттық руханият арналарына еркін енеді. Өмірдің бұралан жолдарына, кәсіп-дағдыларға, тұрмыс-тірліктің мың сан арналы, тараулы жолдарына көніл тоқтатып, көз жібереді. Әсіресе, ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, соғылық қылыш, дін бағу, балаларды бағу сынды сан салалы, алуан арналы бағыт-бағдарларға, өмір-тұрмыстың, уақыт-сынаптың сырлы си-

паттарына ден қояды. Оның арасында білім-ғылым, кәсіп-қызмет, дәстүр-дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне де көніл бөліп, жіті на-зар аударады. Бәріне де мән-маныз береді. Басым бағыттарына еркін енеді. Сыр-сипаттарын ашады. Нәтижесінде, сөз жоқ, «өз сөзім – өзімдік» деген қағидалы көзқарастарын алға шығарады. Өмір мұратына ден қойып, тәлім-тәжірибесіне тоқтайды. Мұның өзі: «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді» деген өмір филосо-фиясынан алынған толғам-толғаныстарымен табиғи үндесіп, са-бақтастып-ақ тұр. Шындық шырагы да танылады. Бастысы, әрине, өзі өмір сүрген қоғамдық құбылыстарға, кезеңдік көріністерге, уақыт тынысына жіті көз, сергек көнілмен қарайды. Көбінде кө-нілге кірбін ұялатқан келенсіз, көленкелі көріністерді қалт жібер-мейді. Соның себеп-сырларына үніледі. Мән-мәнісін анықтайды. Әуелгі бастау, арнасына мән береді. Манызды тұстарын ашады. Соған ден қояды. Көпке ортақ тұстарына назар аударады. Оның маңыздысы, сөз жоқ адам әлемі мен өмірлік мұраттары, еңбек-ке көзқарасы, тұрмыс-тірліктері орын-үлесі, адамшылық жол мен жасампаздық кадамдар хакындағы ойлар мен толғаныстарға ке-ліп саяды.

Демек, Хакім Абайдың – «Бірінші сөзі» өмірден алынған, тә-жірибеден өткен маңызды мәселелерді қозғайды. Өз өмірі мен уақтысындағы басты бағыттарды тап басып, соған қатысы мен көзқарастарын, мүмкіндіктерін кең көлемде айқындаиды. Басты-сы, әрине, өмір өрнектерін, білім-білігін, тәлім-тәжірибесін «ақ қағаз бен қара сияға» сыйғызып, «өз сөзім өзімдік» екенін байып-ты баяндайды. Бұдан байқалатыны: Хакім Абай өмірдің бұралан жолдарынан өтіп, қоғамның кедергі-қайшылықтарын көріп, адам мен оның еңбегінің ұнамды һәм ұсқынсыз сиқын да танып-түс-тейді. Көнілді кенге салған сәттері де бар. Жүрекке салмақ түскен тұстарын да бұкпесіз баяндайды. Өлшеніп берген өмірдің мағы-насыз, мәнсіз қалпына кейіс те білдіреді. «Адамзат-бүгін адам, ертең топырақ» екенін де еске салады. Орайлы тұста:

Кадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір, –

дегенді де жасыра алмайды. «Ойға тұстім, толғандым, Өз мінімді қолға алдым» дейтіні де осы кезенге дөп келіп тұр. Өмір мұраты мен маңызын да осы тұстан бағамдайды. Сайып келгенде, мұның бәрі-баршасынан – Абай әлемін, сол кезең-уақыттың бедер-белгілерін, қоғамдық құбылыстар мен өмірдің бел-белестерінің бұралан-бұлтарыстарын, оның адам мен еңбегіндегі келенсіз көріністерінің орын алу себеп-сырлары жан-жақты ашылады. Көзқарас білдіріліп, дәлел-деректер келтіріледі. Одан арылу жолдары көрсетіледі. Адам мұраты, адамшылық жолы үлгі етіледі.

Біздінше, Хакім Абайдың: «Өз мінімді қолға алдым» деген қалпы мен қауіпін, ауыр халін арғы-бергі кезенің бетбұрысты Һәм белесті тұстарынан көптеп кездестіреміз. Бұған Хакім Абайдың «Қарасөздерін» қайта оқығанда, үміт ұлғайып, арман-аңсарларына қарышты қадаммен ілгерілейтініміз анық. Өмірдің қырсынына қаныға түсеміз. Уақыт тынысына еркін еніп, қоғамдық Һәм кезеңдік көріністерге, адам өмірінің бұралан жолдары мен тағдыр-талайына көніл көзімен үңіліп, «мынмен жалғыз алысу-дын» мән-жайын сергек сезінеміз. Мезгілдің салмақ-сырына ден қоямыз. Қоғам, адам, өмір, уақыт бедерін терең тани түсеміз. «Сезімпаз көніл, Жылы жүрек» те, «Улы сия, ашы тіл» де танылады. Нәтижесінде:

Өмір, дуние дегенің,
Ағып жатқан су екен.
Жаксы-жаман көргенің,
Ойлай берсең, у екен, –

деген қорытындыға келеді. Адам мұраты айқындалады. Өмір-уақыттың бағасы көрсетіліп, оған деген құрмет арта түседі.

Шындық жүзіне тұра қарасақ, «Қарасөздердегі» ұлт мұратынан бастау алған, қоғамдық құбылыстар арқау етілген, өмір өрнектері мен уақыт бедері кең көлемде көрініс беретін тағылымды тұстар – кеше мен бүтіннің байланыс-бірлігін, дәстүрлер құндылығы мен ұрпақтар сабактастырын табиғи жалғап, тығызы шұстастырып келеді. Қоғамдық мұдде алға шығады. Көптің мұрат-мұддесі көзделеді. Қайсыбір мәселе де қоғамдық ортадағы

ахуал-жайттардан хабардар етіп, оның мән-жайы, сыр-себептері ашылады. Уақыт бедері байыпты бағаланады.

Ақиқатында, «Қарасөздердің» тұтас табиғатынан:

- ұлт мұратының өзекті тұстары танылып, оның өзі арғы-бергі кезендердің артық-кем жайттарымен қатар, салыстырыла беріледі;
- арғы тарихтың тағылымды тұстары да, кешегі кезең көріністері де өмір өрнектерімен өріліп, тәлімді тәжірибе тағылымдарымен байланыс-бірліктे баяндалады;
- ақиқаттың аты – хақ, хақтың бір аты – Алла екендігі басты мұраттарға арқау етіледі. Алла тағала – өлшеусіз, ал ақыл өлшеулі болатындығы, әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым аталатыны өмір өрнектерімен, тәжірибемен сабактастыры да айқын аңғарылады;
- ұлт пен ұрпақ қамы, адамшылық әлемі, жасампаздық жолы, ізгілік пен игілік иірімдері, білім-ғылым жүйесі, тәлім-тәрбие жайы, махабbat пен ғаделет сипаттары көделі, сауапты істер арқылы жүйелі жеткізіледі;
- адамзатқа ортақ – жан мен тән, адамшылыққа жат: надандық, еріншектік, залымдық, арамдық, жамандық (жемек, кимек, құлмек, ішпек, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, т.с.с.) қырлары кеңінен көрсетіледі;
- ең негізгісі, Хакім Абай адамға ортақ асқақ мұраттар мен адамшылыққа жат келенсіз көріністерді кезең шындықтарымен сойкестікте сабактаپ, уақыт бедерімен бейнелі безбендереп, өмір-тұрмыстың мысал-деректерімен нағымды сөз етеді. Нәтижесінде, кезең-уақыттың өзекті мәселелерін қоғам, замана шындықтарымен байланыста баяндайды. Келенсіз Һәм өрескел оралымсыздықтар, оның өмірдегі көріністерін, адам-пенде бойындағы кереғар сипаттардың күйінш-сүйінішті жайттарымен қоса қабат көрсетіп, нағымды ашады. «Сұм-сұрқия, ку заман» шындығы ашылады. «Құйрығы шаян, беті адам» кейпіндегі – «толық адамның» жұғымсыз, ұсқынсыз сиқы әшкере ленеді.

«Қарасөздер» табиғаты мен тағылымына еркін енсек, «Хакім Абай ұлт мұраты, елдік мұддe мәселесін – еңбек, білім, ғылым,

өнер төнірегінде кенінен өрбітеді. Алыс-жақын елдердің (мысалы, орыс, ноғай, сарт, т.с.с.) өмір-тұрмыс, кәсіп-дағдыларына, дәстүрлеріне дең қояды. Олардың білім-ғылымға, еңбекке, өнерге, саудаға бейімділігі, оны өмір-тұрмыстың өзекті арнасы санап, содан алға озғаны үлгі етіледі: «...сарттың екпеген егіні жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзімен өзі әуре болып, бірімен-бірі ешбір шаһари жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазактың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Экे балаға қимайтұғын малыңды кірелеп, сол айдал кетіп тұрды гой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін құтуге де шыдайды. Енбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда.

...Оның бәрі бірін-бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері».

Ал, надандық пен жалқаулық, еңбексіз бен жылпостық, за-
лымдық пен зұлымдық, ұрлық пен бұзақылық сыры былай бері-
леді: «...ғаламға белгілі данышпандар әлдекашан байқаған: әрбір
жалқау кісі-қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз-қорқақ,
мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ-қорқақ, ақылсыз, надан ке-
леді; әрбір ақылсыз-надан арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан
сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы
жоқ жандар шығады». Бұл тұстардан, сөз жоқ өмір-тұрмыстағы
кәсіп-дағды, дәстүрден өзге, еңбек мұраты басым бағыттарға ие
болады. Әр елдің өзіндік өзгешелігі, қалыпты жайттары еске алы-
нып, «еңбек етуге, мал табуға» арналатындығы үлгі-үрдіс ретінде
көрсетіледі. Өмір-тұрмысқа қажетті іске еңбек ететіні, «өнер та-
уып, дін құтуге» де бейім болатыны негізгі назарға алынады.

«Қарасөздердің» асыл арқауы мен басты бағыттары – Адам әлемін ашуға арналады. Осы реттен келгенде, адам мұраты мен адамшылық жолы, ар мен ұяттың маңыздын мәні мынаған келіп саяды: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің ракатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, бірі-

не-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылық-пен, кор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар маалына сатып алуға таба алмайды.

Кұлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің іci. Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды».

«Адам ата-анадан тұғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондай-дан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сактанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады». Біздіңше, бұл жерде өмір мұраты алдыға шығып, елдік мудде, адам еңбегі, дос-дұшпан, жақсы-жаман қасиеттер, бос уақыт мәні, мал-жан сырлы айқындала түседі. Оның қадір-қасиеті, белгі-ерекшеліктері жан-жақты ашылады. Соны оқып-біліп, танып-таразылаудың қажеттілігі көрсетіледі. Мұның қазіргі кезеңде де өзектілігі төмендеп, мән-маңзызы жоғалған жок.

Хакім Абай білім-ғылымға, өнерге өзгеше қарайды. Оны оқып-білу, үйрену керектігіне көп көңіл бөледі. Оған қатысты: «Адам көнілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі», – дейді. Одан кейінгі жерде: «...ғылымды, ақылды сақтайтың мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылmasын! Көре қызарлықпен, женілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсөн, мінездің беріктігі бұзылады. Одан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсын? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды актарлық беріктігі, қайраты бар болсын? Бұл бір ақыл ушін, ар ушін болсын!», – дегенді анық айтады.

Хакім Абай ақиқат хақында айтқанда: «Хақтың бір аты – Алла, ғылым -Алланың бір сипаты», – дегенді баса көрсетеді. Иман ісін алға шығарады. Әсіресе: « ...иман келтірген нәрсесіне соншалық беріктік керек... иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек», – екеніне зор мән береді.

Керісінше, атап айтқанда: «...адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші-еріншектік, үшінші-залымдық деп білесін.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсе оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – куллі дүниедегі өнердің дүшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятысыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дүшпаны. Адам баласына дүшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады» дегенді бұкпесіз білдіреді.

Бұдан байқалатыны: Хакім Абай өмір мұратын өзіндік тәжірибелермен байытып, келенсіз көрініс, кедергі-кемшіліктерді анық көрсетеді. Ел әңгімелерін, халық даналықтарын назарда ұстап, адам мұратын, өмір сирын, еңбек сипатын кең көлемде ашады. Ақыл-парасат, білім-ғылым, тәлім-тәрбие мәнін айқындал, олардың басты нысаны, түпкі нәтижесі адамгершілік жолына аппаратын адастырмас компос екенін баса көрсетеді. Өмір-уақыттың бедерлі өлшемі, тұрмыс-тірліктиң басты тірегі санайды. Қысқасы, ақын қайсыбір мәселе-тақырыптарды қозғаса да, «өз сөзім өзімдікі» десе де, елшіл-қоғамшыл Һәм патриоттық қырларын көрсетіп, әлеуметшіл-фәлсафаши сипаттарын да айқындал, оның өзі туған халқына, қалың көпшілікке арнағаны аңғарылып тұрады. Ағартушылық мұрат, адамгершілік жол, әлеуметтік сипаттар, философиялық астарлар, моральдық мәселелер алғашқы кезекте орын алады. Бәрі-баршасында да көз көріп, көніл сезінген жайттар қозғалып, қысқа-нұсқа қалыпта жеткізіледі.

Абайтанушылар әр қалай қабылдап, бағалаған (мысалы, М. Әуезов-сюжетті шығармалар емес десе, Б. Қенжебаев оны Салтыков-Щедриннің шығармаларына ұқсатады. Х.Сүйіншәлиев жай проза үлгісінде таныса, М.С. Сильченко «қойын дәптер» қатарына косады, т.с.с.) «Қарасөздер» кезең көріністерінің жиынтық сипаттамасы емес, керісінше қазақ қоғамына тән, адам өмірі мен енбегінен, қарым-қатнасы мен тұрмыс-тіршілігінен орын алған ақиқат жайттардың шындығы, қадір-қасиеті жоғары, тағылымы мол қымбат қазыналар қатарына жатады.

Ақынның бұл бағыттағы ой-сөз жүйесі қоғамның барша саласын қамтып, оның өзі көбінде ел өмірі, дәстүр мен дін, тәлім-тәрбие, тұрмыс-тіршілік баянын айқындай түседі. Айталақ, оның қайсыбір тұстары – жалығу (20-сөз), мақтан (21-сөз) төңірегінде өріс алады.

Алдымен – жалығуға қатысты: «Ол -тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес. Оған егер бір еліксе, оны адам баласының құтылмағы қын. Қайраттанып, сіл-кіп тастап кетсөн де ақырында тагы келіп женеді.

...Бірақ осы жалығу деген әр нені қөрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын – берінің баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады». Оған өмірдің өткінші, баянсызын, дүниенің қысқа, тұрлаусызын жатқызады. Ақылды, көреген, ойшыл адамның жалығуы өмір-тұрмыстан туатынына басымдық береді.

Абайдың мақтан төңірегінде де өзіндік өзгешелігі байқалады. Оған қатысты: «Екінші, мақтаншақ деген біреуі: «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, ку десін, пысық десін, әрнешік не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді» дейді. Сонан соң мақтаншақтықтың өзінің үш түрі болатынын, оның өн бойында «адамдығы әбден толық емес», надандық белгілері көрініс беретінін баса көрсетеді. Оның өзі: «қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып» әрекет ету болса, келесі кезекте : «өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау» сынды тәлімді ғибрат төңірегінде өріс алады. Өмір тағылымдарының бірі осы.

Ақынның жалығу мен мақтанға қатысты көзқарастары – «бір қуаныш, бір жұбаныш» төңірегінде кен өріс алады (23-сөз). Халқымызда, өмір-тұрмыста жи ұшырасатын жақсы-жаман, дос-дүшпан, надан-залымның әрекет-қымылдары, «көпшен көрген-ұлы той» дегенге табан тіреу сынды әрекшеліктердің қыр-сыры ашылады. Өмір-тұрмыстың мысал-дерегі де, түйіткілді тұстары да сұрақ-жауап үлгісінде алға шығады. Қисынды тұстары, құдікті мезеттері де көрсетіледі. Сайып келгенде, ақын оны әуел баста-ақ: «...қазақты ондырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар», – деп түйін жасайды.

Ақынның осы бағыттағы ойлар мен толғаныстары 26-сөзде жалғасын табады. Ол туралы: «...надан ел қуанбас нәрсеге қуанаңды. Һәм қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмейді, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды.

Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері».

Абай әлемінде – жүрек ісі, ақыл мен тіл мұраты терең көрініс табады. Ақын адам әлемін айқара ашып, ондағы қозғалыс-тіршіліктің басты факторы, өмірдің өзекті Һәм өшпес қуатты қайнар көзі – жүрек шындығын, ақыл-парасат нұрын, дін-дәстүр әсерін, рух пен тіл мүмкіндіктерін көн көлемде ашады. Адам мұратын, өмір мәнін, тіршілік нәрін – жүрек ісімен сабактастықта сөз етеді. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма?» деп өмір-тірлікте жүрек ісі арқылы жүзеге асатын жағдаяттарға айрықша мән береді. Ақын айтқан: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» мәселесін, «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі», «Күйесің, жүрек, күйесің» сынды ар-ұяттың маңызды мәнін елдік мұdde тұрғысынан, парасат биігінен қозгайды. Өмір мұраттарына ден қояды. Тұрмыс-тіршілік тынысына назар аударады. Нәтижесінде: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» дегенді анық айтады (14-сөз). Ал: «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» дегенінен «жүрек таразы» екенін алға тартады (14-сөз). Мұның өзі- қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнер айтысындағы – «жүректі жақтадым» деуі (17-сөз), сосын: «адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озық» екенін тап басып көрсетуі өмір шындығы, тәжірибе тәлімі еді (18-сөз).

Тегінде, ақыл-парасат, жүрек ісі, тіл қуаты – адам-пенденеге бе-рілген артықшылық, мол мүмкіндік болса, оның қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы көлеңкелі көріністері кім-кімге де ой саларлық. Абай

айтқан: «ақылды кісі мен ақылсыз кісінің» (15-сөз) әрекет-ки-
мылдары осыған келіп саяды. Оқып көрелік: «...есті адам, орын-
ды іске қызығып, құмарланып, іздейді екен-дағы, күнінде айтса
– құлақ, ойласа, көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен
өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Егер кісі орнын таптай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәр-
сеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын
итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда
болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық та-
уып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай кө-
ріп жүріп бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып,
екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Ушінші – әрбір нәрсеге қызықпактық. Ол өзі бойға құмарлық
пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір түрлі дерпт
болады екен, уа әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде, яки ән-мі-
не, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады
екен...

Егерде есті кіслердің қатарында болғың келсе, күнінде бір
мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен
өзің есеп ал!» (15-сөз).

Бұдан, сөз жоқ, Абай әлемінің шексіз-шетсіз кеңістігін кө-
ріп қана емес, сонымен бірге ақылды Һәм ақылсыз әрекеттерді,
өмірдің өткінші-өкінішті тұстарын, уақыттың бағалы-қызықты
сэттерін, жастық пен мастық сырларын, т.с.с. қоғам, адам, өмір
шындықтарымен байланыста көрсетіп, оның әлеуметтік мәнін,
адамшылық жолын, фәлсафалық факторларын тәлімді тәжірибе
тағылымдарымен өзектес өрбітіп, сыр-сипаттарын сенімді сөз
етеді. Демек, Абай әлемі қоғамның ірім-сырларын, өмір тағы-
лымдарының тәлімді тұстарын артық-кем сипаттарымен қатар
көрсетеді. Басты байлық – Адам факторын бар қырынан ашып,
оның ішінде қоғамның қозғаушы күші, айрықша ақыл-парасат
иесі екендігін тап басып, қадап айтады. Назар аударапты, Абай
әлемінің қайсібір тұстарынан-ақ қоғамдық-кезеңдік көріністерге
сергек қарап, өмір-уақыт сырларына еркін еніп, осының негізінде
замана шындықтарына айрықша мән беретіні көрінеді. Ол поэти-
калық мұрасынан да танылады:

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек.
Харакет қылтақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлат сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманға заман күйлемек,
Замана оны илемек.

Бұл – заман шындығы. Өмір сыры. Уақыттынысы. Әрі қазіргі кезеңмен үндес, сабактас сырлары да мол. Мұны білген жөн.

Абай мұрасында адам өмірінде кездесетін пайдалы һәм зиянды әдет-дағыларға, келенсіз көрініс-құбылыстарға кен орын беріледі. Оның қоғамға, адам өмірі мен енбегіне, ақыл-парасатқа, білім-ғылымға көрі әсері кеңінен көрсетіледі. Оның бір алуаны жан-жүрек, көніл толқыны төнірегінде өріс алса, келесі бір сарасы байлық-мақтан (42-сез), «ой кеселдері» әсерінен туындаиды:

«Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көнілге бекіту керек; төртінші – ой-кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой-кеселдері: уайымсыз, салғыртық, ойынши-құлқішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуын нәрселер».

«Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл,abyroй да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу – мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпелеу, мақтаншақ байларды: «сіз айтсаныз, отқа түсуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді».

Жинақтап айтқанда, мұның бәрі-баршасы – адамшылық жол, әділетті іс, ғибратты тәлімге көрі әсері көп-ақ. Керегар, көлеңкелі тұстары да мол. Орайлы тұста, Абай «ой кеселдерінен» арылу-та-

зару Ңөм сақтануды алға тартады. Оның қоғамға жат, адам мен оның енбегіне кері әсері барын – ақыл-парасат, білім-ғылым, игілік-ізгілік, жасампаздық жолы арқылы жүйелі жеткізеді.

Осы тұста Хакім Абайдың ақыл-парасат, білім-ғылым, атақабырой, байлық-мақтан, дәстүр, дін, уақыт пен кеңістік халық-дағы көзқарастары өмір жүзіндегі, тәжірибеден түйгендері тура-сында өріс алғанмен, күнделікті кездесетін, тұрмыс-тіршілікте орын алған көріністер ретінде беріледі. Ол, көбінде қоғамдық құбылыстардан, кезең көріністерінен танылғанымен, «ой кесел-дері» ретінде терең тамыр тартқан. Одан арылу, тазару жолы көр-сетіледі. Ел мұраты, дәстүрі үлті етіледі. Халық дүниетанымы, тарих тағылымы басты назарға алынады.

Дәстүр мен дін төнірегіндегі Абай ұстанымы кезең, уақыт шындықтарымен сейкес келеді:

«Қазақ құлшылығым құдайға лайықты болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны. Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, ал-сан-ал әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене ала-мын» дейді. «Оқымадың демесе болад тағы, тілімінің келмегенін қайтушы ед» дейді.

Оның тілі өзге жүргіттан бөлекше жаратылып па?» (16-сөз).

Абайдың «кербездің ісі» (18-сөз), бай-болыс, би-мырза тура-лы талғамдарынан (22-сөз) адам әлемінің қыр-сыры, өмір-дүние дидары, уақыт бедері нанымды ашылады. Ал, қазақ мақалдарына қатысты көзқарастардан өмір өрнектері, тәжірибе тәлімі, уақыт бедері, шындық шырағы терең танылады:

«Қалауын тапса қар жанады», «Сұрауын тапса адам баласының бермесі жоқ» деген ең барып тұрған құдай үрған сөз осы. Сұрауын табамын, калауын табамын деп корлықпенен өмір өт-кізгенше малды не жерден сұрау керек, не акқан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шыгарған аттың несі мұрат? «Жұз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тә-

нірге жазып мінбей-тұспей, арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден са-даға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсекзыар сұмдығын қостағалы айтқаны.

«Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» дейді. Ата-ана-сынан мал тәтті көрінетұғын анатұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың қылығы емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнантанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-анасын сатқан соң, құ-дайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білмestікпенен айтылған сөздеріне бек сак болу керек» (29-сөз).

Ақын мұратынан айқын аңғарылатын басым бағыттардың бі-рі – білім-ғылым жүйесі. Ақын бастапқы тұста білім-ғылым ісіне қадам басу үшін талаптың керегін, оның «біраз шарттары» барын еске салады. Білім-ғылымға құштарлық арман-аңсарлармен шектелмейді. Оның үстіне біліп-көріп, көңілге тоқығанның мәні зор. Мақсат айқын, бағыт белгілі болу керектігі көрсетіледі. Ар ілімі үлгі етіледі. «... ғылымды, ақылды сактайтұғын мінез» жөнінде де байыпты байламдар жасалады. «Мінездің беріктігі» ақылға, арға қызмет ету керектігі назарға алынады (32- сөз).

Басты аңғарылатын жайт: Хакім Абай ақыл-парасат, білім-ғы-лым жүйесін бар асылдан да жоғары қояды. Жер-жандағы жақ-сылық һәм жасампаздық жолы, игілікті іс пен ізгілікті қадамдар – адам ақыл-ойының, білім-ғылым жетістіктерінің жемісі екенін мын сан мысал-дерекпен де, өмір тәжірибесімен де, тәлім-тәрбие тағылымдары арқылы да жүйелі жеткізеді. Өмір тағылымдарын үлгі, үрдіс ретінде еске алып отырады.

Абай осы бағыттаған ой-сөз желісін жан мен тән қуаттары тө-нірекінде терендейте түседі (41- сөз). Адам мұраты, өмірі мен ең-бегі жан әлемі арқылы өріс алса, тән қуаты байлық, дәулет арқы-лы көрініс береді. Адамшылық жолы, талапсыздық әрекеті – жан һәм тән қуаттарының артық-кем тұстарын-ақыл, қайратты тен ұстап, өмір-уақыттың өлшемі етіледі (43- сөз).

Абайдың талап пен талапсыздық төнірекіндегі көзқарас, ұстаны-мы (44- сөз) қазақ қауымының дүниетанымымен сойкес келеді:

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылышылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен-бірі өнерлі, түрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздең тұрады...»

Мұнисы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды-дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай еken, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар еken» деп, қазақтың бетінен оқып ізденген талап емес.

Анық үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді.

Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабынды қыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап қайдан оқып, ұмтылған талап екенін білерсін» (44- сөз).

«Қарасөздердін» үздік ұлгісі, өрнекті өнегесі 37- сөзде жинақы, жүйелі беріледі. Хакім Абай мұнда өмірдің өрнекті тағылымдарын, тәлімді тәжірибелерін барынша қонымды, қысқа-нұсқа үлгіде жеткізеді. Хакім Абайдың даналық мәйеғіне айналған, ақыл-нақыл, өсиет сөздері ағартушылық һәм дииактикалық сипаттарымен де мәнді. Гибраттық-танымдық қуаты мол. Өміртартыныштық-тағылымдық қырлары да маңызды болып табылады. Өсірсесе, адам әлемін, оның өмірі мен еңбегін, кәсіп-дағдысын, тұрмыс-тіршілігін, жақсы-жаман жағдаяттарды, дос-дұшпан әрекеттерін, отбасылық тірлікті, әке мен бала, ер-әйел қарым-қатынасын, байлық пен билік, бақ пен так, т.с.с. белгі-әрекшеліктерін, сыр-сипаттарын нақты әрі нағымды ашады:

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
2. Көнілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады.
3. Әкесінің баласы-адамның дұспаны. Адамның баласы-баурын.
4. Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласын; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласын.

5. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
6. Егер ісім өнсін десен, ретін тап.
7. Биік мансап-биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желекпелер шын деп ойлайды.
8. Дұние – үлкен көл, заман-соққан жел, алдыңғы толқын-агалар, артқы толқын-інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.
9. Жаман дос – көленкे, басынды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басынды бұлт шалса, іздеп таба алмайсын.
10. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
11. Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсін, бағың өскен соң-өзің ғана тілейсін» (37-сөз).

Демек, Абайдың даналық мәйегі – ақыл-нақыл, өсиет сөздері адам мұратын, өмір сырын, уақыт тынысын тап басып, тәжірибе тәлімі мен тағылымын, ой-сөз жүйесін қысқа-нұсқа үлгіде беруімен мәнді болып табылады.

Жинақтап айтқанда, Хакім Абайдың «Қарасөздері» поэзиялық туындыларынан өзіндік өзгешелігі бар, өмір тағылымы мен тәлімдік қырлары басым енбектер қатарына жатады. Оның көпке ортақ ұнамды тұстары әркез-ақ зиялды қауым мен зерттеушілер назарын аударғаны анық. Айталық, алғашқы абайтанушы Ә. Бекейхан Абай әлемінің қыр-сырына еркін енеді: «Абай он-он екі жастар аралығында қазақ даласында жүріп хат таныды. Ал он екі жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай он төрт жасында сонда жүріп үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі және үш айлық орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік окуы аяқталады. ..

Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтандыши болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» [2, 310].

Ал, М. Әуезов пен Ж. Аймауытұлы «Абайдың өмірі һем қызметі» атты мақалада («Екеу» бүркеншік есімді қолданған) Абайтанудың өзекті мәселелеріне дең қояды:

«Абайдың ең бір артық өзгешелігі заманның ыңғайына жүрмей өзінің «өздік» бетін мықтап ұстап, ақылға, ақиқатқа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұнжырарлық кемшілік, мінниң ортасында туyp, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық қозбен қарап, барлық мінді мұлтіксіз суреттеуі жырақта жүріп қылт еткенді көретін қырагы қырандай сыншылдығы.

... Абайдың пайдасыз сөзі жоқ. Ахлақ, адамшылық туралы айтқан терен мағыналы, үлгілі сөздері кемшіліктің мінезін тәрбиелеп, ақыл қөзінің ауданын кеңейтпек. Жүректен толғанып, ыза мен қайрат айдал шыққан қайғылы, хафалы, зарлы сөздері адамның ақылын өз ішіне үңілтіп, жанымен сыр таластырып ұбып, оқып түсіндіргендердің сезімін тәрбиелемек» [3, 1-3].

Академик М. Әуезов Абайдың ақындық мұрасы мен «Қарасөздері» хақында былай дең жазады: «... Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек бол танылады. Ол – нағандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықты тұрып алысуға кіріскең еңбегі. Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық нағандықпен кектене алсады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады» [4, 166]. «Қарасөздер» көркем прозаның өзіне бөлек, Абайдың өзі тапқан бір алуаны болып қалыптанады. Бұл сыншылық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өситет, толғау тәрізді» [5, 168].

Абайдың «Қарасөздеріне» қатысты ғалым-тілші Р. Сыздықова төмөндегіше ой қорытады:

«Қарасөздерді» көлемі жағынан шағын-шағын 46 бөлек шығарма құрайды. Олардың жанрлық сипаты да әр түрлі: көбі публицистикалық туындылар, 46-сөз деп берілгені – білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк, 25-сөз – Сократ пен Аристотельдің әнгімесі деп берілген мысал, өситет, 5-сөз -мақал-мәтелдерді талдаған филологиялық этюд, 37-сөз – афоризмдер жиынтығы, 7-сөз – пси-

хологиялық тақырыпты қозғаған этюд, 43-сөз – философиялық толғаныс, 38-сөзді – мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек деп ажыратуға болады.

... Абай прозасы тілі мен стилі жағынан толық қанды шыгармалар екенін баса айтамыз. Бұл туындылардың басымы дидактикалық әңгіме философиялық этюдтер, тарихи очеректердің алғашқы үлгілері, қазақ жазба дүниесіндегі таза ұлттық тілдегі соны бастамалар деп танимыз. Ұлы Абайдың сан қылышынан бір қыры да осы жерде» [6, 108; 110]. Жоғарыда айтылып-жазылған ой-пікірлердің жарасымды жалғасы, танып-талданған түйінді түстары «Абай» энциклопедиясынан кең орын алды.

Тұстастай алғанда, Абайдың «Қарасөздері» ондағы кеңінен айтылып, терең қозғалған мәселелер «ел мінезінен» өзге: адам әлемі, қоғам, өмір, тұрмыс-тіршілік түйіткілдері, данқ пен данқпышт, жалқаулық пен талапсыздық, салғырттық пен немікүрай-дыштық, жамандық пен зұлымдық, «дүние рахаты», ағартушылық һәм адамгершілік мұраттары, білім-ғылым, дәстүр мен дін, әдет-дағды, мінез-құлық, ақыл-парасат, намыс пен сенім, тәлім-тәрбие, т.т. болып табылады.

«Қарасөздер», яки Абай атап көрсеткендей, «өз сөзім-өзімдікі» шенберінен шығып, «қойын дәпптері» міндеттін ғана атқармай, керісінше қалың көптің өмір тағылымдарын кең көлемде танып-түстеп, одан халқымыздың тағдыр, тұрмысынан жан-жақты орын алған әр алуан құбылыстар мен көріністерді, қылышынан шындықтарын, ел-жерге қатысты қағидалы қысындарды, адам мұраты мен ортақ мұдделердің сыр-сипаттарын кең көлемде көрсетеді. Оның бәрі-баршасынан: Абай мұраты, арман-аңсарлары, көзқарас эволюциясы, елдік мұдде, адам әлеміне байланысты айтылған ақыл-кеңес, нақыл-өсисет, тәжірибе тәлімі, т.т. өмір тағылымынан нәр алып, тағдыр талқысы тұрғысынан кім-кімге де ой салады. Кезең-уақыт шындықтары айқын. Адам мұраты мен ұстанымы маңызды мәнгеге ие болады.

Абайдың «Қарасөздер» атты прозалық мұрасы жанрлық жағынан дәстүрлі әдеби туынды, немесе әңгіме, естелік, мемуар үлгісі емес. Сондай-ақ, оқигалы-сюжетті, толғам-толғаныс, нақыл-

өситет сөздер жиынтығына да жатпайды. Біздіңше, Абай әлемінің өн бойынан берік орын алған арғы-бергі кезең шындықтары, өз дәуірінің көріністері, ақиқат жайттардың жиынтығы басым бағыттарға ие болады. Осы реттен келгенде, Хакім Абайдың «Қарасөздер» атты туындысы – қоғам мен адам қарым-қатнасының берік байланысын, уақыттың тынысының белгі-ерекшеліктерін бедерлі бейнелеген жан-жүрек пен көніл толқынының көркем шежіресі. Тақырыптық-жанрлық ерекшелігі бар, болмысы бөлек, мазмұны ерек, тілдік мәнері, стильтік құбылысы өзгеше қазыналы биік. Өмір тағылымдарының өрнекті өнегесі, үздік үлгісі.

Хакім Абайдың «өз сөзім – өзімдікі» екенін анық анғартар «Қарасөздердің» тұтас табиғаты мен тағылымынан: өмір тәжірибесі мен өнер өлкесіндегі көрген-білген, танып-түйген жайттары ұлттық тұрғыдан байыпты сарапалып, ақыл-парасат арнасы, білім-білік көрінісі, талғам таразысы уақыт бедерімен байланыс-сабактастықта өріс алып, одан елдік-қоғамшыл қасиеттері кең көлемде танылатындықтан, ұлт мұраты мен руханиятының арналы бастаулары мен қазыналы қайнарлары, көркемдік-эстетикалық құндылықтары, ой-сөз жүйесі, сыр-сипаттары айқын аңғарылады.

Демек, Хакім Абайдың «Қарасөздер» атты қазыналы кеңістігі – халқымыздың арғы-бергі кезеңдердегі жемісті жетістіктері, келенсіз кемшіліктері қатар көрсетілген, сондай-ақ адам мұраты, өмірі мен еңбегі, ақыл-парасат нұры, білім-ғылым жүйесі, дін мен дәстүрі, тарихы мен танымы, мәдениеті мен тілі, т.с.с. жүрек өмірі мен көніл таразысына тартылып, тәжірибе тәлімімен байланыста баяндалатын парасатты туынды.

Хакім Абайдың «Қарасөздері» – поэтикалық мұрасының көркем шежіресі, халық тағылымының өрнекті өлкесі, адам әлемі мен өмір мұратының тәлімді тәжірибесі, ұлттық сөз өнерінің жаңа көкжидегі, кең өрісі.

«Қарасөздердегі» елдік мұрат, адамгершілік жолы, ақыл-парасат өнегесі, өмір тағылымдары – жаңа бағыт, іргелі ізденіс, айқын мұрат, терен дүниетаным, шынайы шындық, өзгеше амал-тәсіл, тың ой, сарабдал сөз жүйелерімен сенімді өріс алатындықтан, қай кезең, уақытта да тарихи негізін, көркемдік мәнін, мәдени-

рухани нәрін жоғалтпайтындықтан, жанашылдық һәм сабактастық сыр-сипаттарымен қалың көшілік жадына берік үялары хак.

Қысқасы, Хакім Абайдың «Қарасөздеріндегі» ұлттық мұрат пен руханият арналарының басым бағыттары, кешеден бүгінге ұласқан өрнекті өнегесі, үлгілі үрдістерінің маңызды қырлары мен тағылымды тұстары адам әлемінің алуан қырларын, Әмірдің өшпес өрнегін көнінен көрсетеді.

«Қарасөздер» – Абай әлемінің айнасы, ұлт руханиятының көркем шежіресі. Елдік мұрат-мұдденің, дін мен дәстүрдің, халықтық дүниетанымның, тарих пен танымның қазыналы қайнары. Әмірдің өрнекті көркем көкжиеғі. Уақыт бедерінің шынайы сырлары.

Хакім Абайдың жүрек сәулесі мен көніл айнасын, ақыл-парасат нұрын көнінен көрсететін «Қарасөздері» – адам мұраты мен Әмір өнегесінің, халықтық дәстүр мен руханият қайнарларының мәнгілік сипаты. Дүбірлі дәуір мен күрделі уақыттың бедерлі көрінісі. Кезеңнің шындық шежіресі. Болмыстың бүтін бедері.

«Қарасөздер» – Абай әлемі, халық мұрасының қайнары, замана шындығы мен тағылымының сырлы шежіресі.

2

Біздің данышпан ақыннымыз Абай Құнанбаев шығармашылығындағы ең өзекті концепциялардың бірі – білім, білім беру белгілі. Жастарды оқытудағы мақсат не, балаларына білім бермек болған ата-ананың, үлкендердің көздеңегі не еді, ал окуға ұмтылған сол жастардың өздерінің діттегені, алға қойған арман-мұраты қайда жатыр – міне, тұра осындағы мәселелер ұлы Абайды көп толғандырганы, барынша тебіренткені даусыз. Мұны ойшыл ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдерінен байқаймыз. Алдымен, ақын өз басындағы кешігушіліктен бастайды:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдастын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысъма,
Қолымды мезгілінен кеші сермедім...
Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім [7, 72], –

дейді. Дейді дағы балаларын оқытуға, оларға жан-жақты білім беру шараларына айрықша ден қойғандығын ашық айтады, ба-ланы оқытуды жек көрмегендігін паш етеді. Әсірсесе, осы орайда ақын білім алатын жастардың ішкі ниет-пығылышына баса назар аударған.

Ал, ақынның өзінің бала кезден алған оку деңгейіне келсек, мынандай жайлардың күесі боламыз. Болашақ ұлы ақынның әкесі Құнанбай Өскенбайұлы көзі қарақты, заманының байыпты, анғарымпаз кісісі болған екен. Ол кісі жайлы оның көзін көрген адамдар аса құнды пікірлер айтып кеткен. Солардың арасында, біздінше, XIX ғасырдың орта шенінде Польшаның тәуелсіздігі үшін патшалық Ресейге қарсы көтеріліске қатысып, ақырында жараланып қолға түсіп, әуелі өлім жазасына кесіліп, онысы соңынан өмірлік каторға ауыстырылған сөйтіп, қазақ даласына жер ауып, айдалып келген Вильно университетінің филология факультетін бітірген, Европаша білімді поляк жүрттының ақылды перзенті Адольф Янушкевичтің жазбалары айрықша назар аударды. Мәселен, ол Абайдың әкесі Құнанбай туралы 1848 жылдың 11 іюнінде(маусым) былай деген: «Құнанбай бидің жасы Барак сұлтаннан біраз үлкен. Бұл да (Баракты айтып отыр. – M.Y.) – дала өніріне аты кең жайылған адам. Қарапайым қазақтың баласы. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының иғлілігі туралы қам жейді, дала зандары мен құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты рос-сиялық уставтарды бес саусағындаға біледі, қара қылды қақ жар-ған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген» [8, 75]. Міне, бұдан төңіректегі жай адамдарды былай қойғанда атышулы Барак сұлтан секілді билеушілердің өзі Құнанбайды пір тұтқандығы анғарылады. Ал, А. Янушкевич Құнанбайдың тікелей өзі туралы 1848 жылдың 15 августында(тамыз) былайша баяндайды: «Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дер-сің. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қа-зактар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шаригаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқыл-

дап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таң қаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады» [8, 188]. Осынау естелік жолдарынан өзімізше мынандай есептеу жасай алар едік: демек, А. Янушкевич 1848 жылы Құнанбайды көріп, осындаи баға беріп жатқан уақытта 1845 жылы дүниеге келген сәби, болашақ данышпан ақын Абай небәрі екі-үш жастарда ғана екен ғой.

Заманының көреген, сұнғыла адамы атанған Құнанбай Өсікенбайұлының баласы Абайдың сауатты, уақытқа сай шалымды адам болуына зор көніл бөлмеуі мүмкін де емес қой! Көпті көрген Құнанбайдың алыстағыны алдын ала болжап отыратындығы жөнінде тағы мынандай да дерек бар: «...әкесі Абайға өзгеше қарады, ол (Құнанбай. – М.Ү.) болашақ ақыл иесі дарынды баланы ерте таныды, менің орнымды басса, менің жолымды қуып, туымды ұстаса осы Абай ұстайды деген сенім өте күшті болды. Сондықтан оны өз мұддесіне сай етіп тәрбиелеу мақсатын көзделген Құнанбай Абайды 10 жасынан ауылдағы Фабитқан молдаға оқытты. Одан соң Семей қаласындағы Ахмет Риза деген имамның медресесіне оқуға түсірді. Абай медреседе 3 жыл оқыды... Абайдың тасқындаған ақылы, алдына қойған әлеуметтік мақсаты бұл оқуды қанағат тұта алмады, ол өзіне біткен ерекше талабы арқасында, парсының тағы басқа шығыс халықтарының тілін үйрепе не бастады, осының арқасында Абай шығыстың асыл қазынасы саналған поэзиясымен танысты, Абай ерте күннен-ақ шығыстың атақты ақындарын оқып білді. 14 жасында 1859 жылы:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науай, Сәғди, Фердауси,
Хожа – хафиз бу һәммәси!
Мәдет бер я шагри, Фәрияд, –

деп олардан өзінің ақындық өнеріне мәdet сұрады. Ол тұнғыш жазған осы бір ауыз өлеңін шығыс классиктеріне арнады. Шығыс елдерінің тілін зерттеді, үйренеді.... Абай шығыспен қатар орыс халқының тілін үйренуді зор арман етті, еңсесі орыс халқына ауды, орыстың мәдениетімен танысады көксеген Абай бұл тілегіне зейін сала, белсене кірісті... жасырын бір жағынан орыс

мектебіне оқуға кірді, аз уақыт оқыса да өзіне біткен ақылдылық, дاناлық, зеректік арқасында орыс тілін тез үйренді» [8, 14-16]. Мұнан өзге бір деректерде Абай орыс тілін үйрену үшін Семейдегі христиан дінінің әдепкі жөн-жосығын, әліппесін ұқтыратын шіркеу жанындағы приходская школада біршама оқыған делінеді. Олай болу себебі, әкесі Құнанбайдың ендігі замана аяқ алсының орыс тілімен, орыс басшылығымен жүзеге асатындығын күні бұрын бажайлауында еді. Осылайша, Құнанбай би үміт еткен баласының шас шагынан бастап-ақ, орыс оқуын менгеруіне, жан-жақты білім алудына жағдай жасап баққан.

Расында да сол кездегі қазақ тағдыр-талайының қалай бұрылып бара жатқандығын анғарған есті жандардың қай-қайсысының да бұлай етпеске шарасы да жоқ еді. Өйткені, әуелім, Абайдың әкесі Құнанбай қажы дүниеге келген 1804 жылдың өзінде қазақ елі мен жерін батысы мен шығысын тұтастыра құшағына ала, ұшы-қыры жоқ алапат сахараға мылтығын кезене, пушка-зенбіректерін сүйрете өнмендей ұмтылған Ресей отаршылдығы өрттей өршіп, бет қаратпай жалындал түрған болатын. Енді, 1845 жылы Абай дүние есігін ашқан тұста патшалық империя оңтүстікте Алатау етегіне жетіп, қырғыздырды алдап-арбап, Кенесары Қасымовты ұстауға қам жасап жатты. Арысы бүкіл Орта Азияны тұншықтырып, Үнді мұхитына шығуды қөкседі. Бұндай зымиян-сүркія, салдар-зардабы ұзаққа сілтейтін шаруаны(кампания) құлай қолға алғаны соншалықты, құлығына құрық бойламайтын ресейлік шенеуніктер қазақ даласында орыс-түзем мектептерін ашып жергілікті жүрттардың балаларын тілмаштыққа дайындау ісіне кірісіп те кеткен-ді. Нақ бір мәдениет таратып, шараптат жасап жатқандай эсер тастады. Бірақ, екі-төрт сатылы мектептен асырып, жоғары білім беруді мақсат еткен жоқ. Жоғары білімділер көбейіп, отар елдің оянып кетуінен қатты қорықты. Бар еіл-дерті орыс ұлықтары мен түрғылықты халықтың бай-баяндары арасында олардың сөздерін бір-біріне аударып берестін тілмаштар дайындау ғана болды. Соған орай XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жастарының да ой-арманы «я тілмаш, я адвокат» болудан ары аспады. Дәл осы көніл-күй Абайдың «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде барынша көрініс тапты:

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, кекөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Куанаар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарығатқа шаласы
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прощение жазуга
Тырысар келсе шамасы...
Аз білгениң кепсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панаы?..
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санаы [7, 99-100].

Ұлы Абай, ең алдымен, адамның ішкі жан сарайы таза болуы шарт деп санаған. Көзінің жеткені сол – шамшыл, өркөкірек, менмен жандардан еш жақсылық шықпайды, тіпті, ол дұниснің оқуын тауысса да.

Сондықтан да ғұлама ақын өзінің атақты өлеңі «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде ол пікірін бұдан ары терендете түскен:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай бағттанба,
Құмарланып шагттанба
Ойнап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеніз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеніз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дүшпаның білсеніз,
Талап, еңбек, терен ой,
Қанағат, ракым, ойлан кой –
Бес асың іс, көнсөніз... [7, 92]

Алдымен, адамды құртатын бес түрлі бәлені атайды. Олар: өсекшілдік, өтірікшілдік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал

шашпақтық. Сонымен қатар, дана Абай жан баласын алға бастыратын, атын асқақтататын асыл қасиеттерді де санамалап атап берген. Олар: талаптылық, еңбеккершілік, терен ойлылық, қанатшылдық және рақымшылдық. Құдай өзі кешірсін, осы жерде біздің өз тараапымыздан қосып айтарымыз: ғылым тапсан да мақтанба, ісіп-кеппе, одыраңдама! Өйткені, кеуіп-керілдім дегенше кетілдің, біттін. Ел соқыр емес: көріп қояды, сезіп қояды. Сосын, қанша ғажайыппын десең де маңайыңа ешкім жуымайды, түршігеді, ақырында жалғыз қаласың, өле кетсөн көметін адам табылмайды.

Ал, қамшының сабындағы қысқа тірлігінде мұндай сұмдыққа ұшырамаудың дауасы мен ем-домың, алдын алудың жол-жобасын тағы да данышпан Абай көрегендікпен дәл мензеген. Ондай болу қайда, ол менің қолымнан келмейдіге салынып, күні бұрын күніреніп, қара аспанды суға алдырып бір істі бастамай жатып, түңілушілік жас адамға жараспайды, қандай қыын шаруа болма-сын адам талаптанып, күш-қайратын салып көру керек деген ой түйеді.

Жамандық көрсөн нәфрәтлі,
Суытып көніл тысаңыз.
Жақсылық көрсөн гибрәтлі
Оны ойға жисаңыз.
Галым болмай немене,
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір галымды көрсөніз.
Ондей болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеніз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеніз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көніл берсөніз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсөніз [7, 92-93].

Ақынның пайымдауынша, жоғарыдағыдай тура сол бес асыл, көркем қасиетті бойына жиған, көкейіне түйген «жана өспірім, көкөрім талай қазақ баласы» талаптанып білім алса, жанбай жатып сөнбей, білгендердің сөзіне махаббатпен ерсе, кемел адам

денгейіне жетер ме еді!? Шынында да жаһандық-адамзаттық тәжірибе аңғартқандай, кемелділік пен ақылға кенендік әрқашан да жан-жағына жарық-сөуле шашып, жұртты тек жақсылыққа бастаған. Байыптай түссек, «ЖАҚСЫЛЫҚ» деген сөздің өзі аясы кең бе дейміз.

Шамасы, оған дүниесауи қол жеткен өнертабыстың, өнегелі мінез-құлық атаулының бәрі кіреді. Тек, бұл қалың қөптің, белгілі бір ұлттың үміт-тілегімен ұштасса, халықтың игілігіне жараса, соган қызмет етсеға жемісті болары сөзсіз.

Данышпан Абай жастарды оқуға шакырганда осындай шоқтықты мәселелерді әрдайым жүлдyzдай жарқыратып, жоғары ұстайды. Қай жолды таңдал, қай соқпакпен журу қажеттігін, қай елмен жақын араласып, қай елдің окуын ұлғі тұтсақ ұтатындығымызды, тәп-тәуір табысқа кенелетіндігімізді нұсқаған, тіпті, талап еткен. Қателікке ұрынып қалудан, оғаш-оспадар қылықтардан сақтаңдыған. Айталық, ол «Интернатта оқып жүр» атты өлеңінде ол өз уағындағы бірсыныра жастардың орыс тілін білуге ұмтылысының «Прощение» жазуға жарау мен «Я тілмаш, я адвокат» болсам деген өлемендіктен аспай жатқандығына ашынады. Ондай жастар азын-шоғын, үзіп-жұлқып алған татымсыз окуын бұлдан, еліне кісімсінсе, бәлсінсе, «Көп қазакқа епсінсе, кімге тиер пана» [7, 99] деп налиды ақын. Демек, қарапайым шаруда баққан халықтың үмітін ақтамаған, ұлттың қадесінен жарамаған шала оқудан(тіптен, биік болса да), зәрредей пайда жоқ! Өйтіп, «Ку менен сүм боларды ойлаған, каны бұзық» [7, 99], залым ойлы адамдар біршама оқыған-тоқығанын, жеттім-білдім дегендерін өзін дуниеге әкелген, қатарға қосқан тұган халқына қарсы жұмсайды, қарақан қара басын ғана күйттейді. Тегінде, «Орыс теріс айтпайды, жаман бол деп оларды» [7, 99] дейтін ақын сөзінде керемет сындарлы да салмақты мән -маныз бар. Шынтуайтына салсақ, орыс оқуы бола ма, немесе, өзге ұлт-ұлыстардың окуы бола ма білім-ғылым жамандыққа жетелемесе керек. Бірақ, бір өкінішті, ақиқат жай – әуелден жаратылыс-бітімі, түп-тегі, зәу-заты, қалып-қалпы қедір-бұдыр, келіспей қалған, сүйкімсіз-сұмырай, бұзакылыққа бейім жаңдар қай қауымнан да табылып жатады. Әлбетте, көпшілік болғасын, миллиондардың арасынан ақылды-

сы да, аяры да кезіге берері анық. Олай болса, жат жұрттың жақсысын жаманынан ажырата тану – білім қуған жастардың өзіне тікелей қатысты болмақ. Себебі, ұлы Жаратушы адам баласына ақыл-ес, таразы-талғам, ми беріп қойған. Қайсысын таңдау еркі – әркімнің өзінде.

Осылайша, ғұламаһи Абай өзінің түгелге дерлік өлеңдерінде оқу-ғылым, өнер-білім, талаптылық-талапсыздық, енбекшілдік-еріншектік, арлылық-арсыздық сияқты қадау-қадау жайттарға өте көп тоқтаған. Сондай өлең-жырларында әбден сараланған, талданған, безбенделген – адам бойында ұшырасатын жақсылықтар мен жамандықтарды, енді, кезегі келген тұста қара сөздерінде одан ары дамыта, тереңдете толғайды. Өзінше бір жаңаша әдісамал, ою-өрнек тауып, философиялық жөнменен қорытқандай болады.

Ақырында, тұжыра келе, оқудағы, білім қуып ізденудегі ұлы мақсат-мұраттың тоқ етерін айтады. Мысалы, жиырма бесінші сөзінде «...Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, окуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсөн, көкірек-көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы құнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес... Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» [7, 458], – деп, ақын кейінгі келер ұрпаққа жөн сілтеп, ақыл-кеңес беріп тұргандай.

Және де бір қайран қаларлығы, ойшыл Абайдың өлеңдерінде де, қара сөздерінде де оқу-ғылым туралы білдірген ой-толғаныстарының құнар-нәрі қазіргі тәуелсіз жаңа заманымызда өрісі кеңіп, өлшеусіз өссе түспесе, мысқалдай да кеміген жоқ. Өзіміз күәсі болып отырғандай, бүгінде ұл-қыздарымыз Европа шарлап, мұхит асып – Америка, Австралия, Жапония, Үнді, Араб мемлекеттерінде оқып жатыр. Еңдігі жерде сол үміт еткен өскіндеріміз, Абай атамыз айтқандай, барған елдерінің жақсысынан үйреніп,

жаманынан жиреніп қайтса құба-құп. «Бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ қарғып түсем деп»[7, 106] мертігіп, қирап жатпауы керек. Өз қағынын өзі жеріп, ата-ана тілінен, ұлттық ділі мен исламдың дінінен безіп, сыртқа қарап ұлып тұрмасын деніз. Өйткені, жан дүниенің, ақыл-естің мертігүінен, кемістігінен асқан зардапты, апартты қасірет болмайды! Сондыктан, оку құған жастарымыздың кеменгер Абай аманаттаған қадір-қасиет, адамшылық үдесінен шыққаны аbzал дейміз. Абайдың білім туралы концепциясының мәнісін осылай түсінген дұрыс.

Әдебиеттер:

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993.
2. Бекейхан Ә. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Мұнәниб-Некролог) // Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
3. Екеу. Абайдың өмірі һәм қызметі // Абай. – 1918. – №2.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. – XX том.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
6. Сыздықова Р. «Қарасөздер» казынасы // Абай. – 1993. – №1-2.
7. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961.
8. Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар / орыс тілінен ауд. – М. Сәрсекеев. – Алматы: Жалын, 1979.

ҚОРЫТЫНДЫ

Монография Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеуге арналған. Зерттеу нысаны бойынша іздену жұмыстары бірнеше бағыт бойынша жүргізілді: Абайдың шығармашылық мұрасын эстетикалық қабылдау [түсіну (герменевтика), пайымдау (интерпретация), бағалау (оценка)] мен пәнаралық зерттеудің методологиялық ұстанымдары қарастырылды; Абайдың шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпыадамзаттық мәні қазіргі қоғамның интеллектуалдық және тұрақты дамуымен байланысты аксиологиялық талдау негізінде пайымдалды; Абайдың шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарының қалыптасуына негіз болған, ықпал еткен факторларды жүйелі зерттеу, мәдениетаралық байланыстарын пайымдау бағытында іргелі зерттеулер жүргізілді; Абайдың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар туралы қағидаларының жүйесінде елдің ынтымағы мен бірлігі, мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ұстанымдардың көркемдік және идеялық мазмұнын ашылды; Абайдың ақындық даналығын оның поэтика, психопоэтика, лингвопоэтика, экзистенциализм, синергетика, хронотоп, дәстүрлі дүниетаным категорияларының жүйесінде зерттеу негіздері пайымдалды.

Абай мен Еуразия ойшылдарының ілімдеріндегі жалқы және жалпы қағидалардың мәні сараланды. Зерттеу пәні болып отырған құбылыстың болмысына тән зандылықтар мен ерекшеліктер әдебиеттану, халықтың дәстүрлі мәдениеті, фольклоры, шешендік өнері, әдет заны, тіл өнері, құндылықтар философиясы секілді пәндер тоғысында зерттелді және анықталды. Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу мен эстетикалық қабылдау теориясының негізделуі (түсіну-герменевтика, пайымдау-интерпретация, бағалау-оценка) сияқты теориялық ірі мәселелердің қарастырылуы, Абайдың шығармашылық мұрасының ұлттық

және жалпыадамзаттық құндылықтарының мәні пайымдалуы (аксиологиялық талдау) өз кезегінде Абайдың шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарының қалыптасуына ықпал еткен факторларды жүйелі зерттеуге негіз болды.

Абайдың ұлттық және жалпыадамзаттық қағидаларының туып, қалыптасуына ықпал еткен, негіз болған мәдени-элеуметтік, көркемдік-эстетикалық факторлар гуманитарлық ғылым да-муының қазіргі кезеңінің талаптарына сай сараланды.

Абайдың шығармашылық мұрасының гуманистік, адамшылық және этикалық мәнінің концептуалдық негізіне ғылыми талдау жасалды. Іргелі зерттеу шегінде, теориялық қағидалар деңгейінде алып қарағанда, мұны барынша жинақталған, сығымдалған ойлардың теориялық түйіні, пәнаралық құбылыс, пәнаралық құндылық деуге болады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінің бір бөлімі шешендік өнердің теориялық негіздері туралы монографиялық тарауға негіз болды. Оnda шешендік өнер теориясының негіздері Абайдың ақындық танымының, Абайдың ілімінің қайнар көзінің бір саласы ретінде қарастырылған. Шешендік өнердің амалдары мен құралдары, шешендік өнердегі тек пен түр, шешендік өнердің қайнар көздері, шешендік өнердің мақсаттары мен міндеттері, шешеннің шығармашылық еңбегінің сатылары секілді іргелі ғылыми мәселелер Абайдың шығармашылық мұрасымен шектес пайымдалған. Қазақ шешендік өнерінің ілкі өрнектері, би мен билік, билер айтысы және олардың ерекшеліктері Абайдың даналық ойларымен байланыста нақты талдаулар мен жалпы пайымдаулар негізінде сараланды. Қазақ шешендік өнерінің арнасында қазақ халқының Абай ілімінегіз болған дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымы өзегіндегі рухани құндылықтарының жалпыадамзаттық және ұлттық маңызы мен мәні ашылған. Зерттеу нәтижелері Абайдың ілгеріде еткен данышпандардың ілімімен, өмір тарихымен таныс бола тұрып, халықтың дәстүрлі мәдениестінің бай қазынасын да жете білгенін және сол білгенін өзінің шығармашылығында, ел басқару ісінде орнын тауып пайдаланғанын көрсетеді.

Зерттеуге Абайдың өлеңдері мен поэмалары, қарасөздері негіз болған. Зерттеу әдістері ретінде тарихи-салыстырмалы талдау әдісі, жүйелі зерттеу әдісі, кешенді зерттеу әдісі ұстанымдарының басшылыққа алынуы зерттеу нәтижелерінің маңызын артырған факторлардың бірі болды. Зерттеу барысында қол жеткен нақты нәтижелер қатарында мыналарды атап өтуге болады:

- a) Абайдың шығармашылық мұрасын эстетикалық қабылдау мен пәнаралық зерттеудің методологиялық ұстанымдарын түсіну (герменевтика), пайымдау (интерпретация), бағалау (оценка) тұрғысынан зерттеудің методологиялық ұстанымдары; Абай ілімінің мазмұндық сипаттамасы мен құрылымының анықтамасы;
- ә) Абайдың шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпыадамзаттық мәнін қазіргі қоғамның интеллектуалдық және тұрақты дамуымен байланысты аксиологиялық талдаудың әдістемесі;
- б) Абайдың шығармашылық мұрасын көпшілікке насихаттаудың мультимедиялық технологиясын жасау бойынша практикалық ұсыныстар;
- в) Абайдың шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарының қалыптасуына ықпал еткен факторларды жүйелі зерттеудің, мәдениетаралық байланыстарын пайымдаудың әдістемесі, т.б.

Зерттеу нәтижелері қоғамның интеллектуалдық және тұрақты дамуына септігін тигізеді.

Абайдың шығармашылық мұрасын, ілімін зерттеу жұмыстары «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» жобасы аясында жалғасады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I тарау. Абай мұрасын пәнаралық зерттеудің өзекті мәселелері	6
II тарау. Абайтанды тарихы	24
III тарау. Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың шығармашылық әлемі	88
IV тарау. Абай және билер сөзі	114
V тарау. Абай бағалауындағы байлам	149
VI тарау. Абай мен Ақыт	177
VII тарау. Абайдың карасөзі: болмысы мен бітімі	203
VIII тарау. Абай шығармашылығындағы ұлттық және жалпыадамзаттық руханият арналары	237
ҚОРЫТЫНДЫ	264
ҚОСЫМША	267

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VIII том
Пәнаралық зерттеу**

Авторлар:

Дәдебаев Жанғара, Әбдіманұлы Өмірхан,
[Кәкішев Тұрсынбек] Бисенгали Зинол-Ғабден,
Сейітжсанов Зұфар, Тілепов Жұмат, Салқынбай Анар,
Үмбетаев Мұбәрәк, Тұрысбек Рахымжсан,
Бисенбаев Пазылбек, Қорібозов Ерхан

Редакторы К. Мухадиева
Компьютерде беттеген F. Қалиева
Мұқабасын безендірген К. Өмірбекова

ИБ №9173

Басуга 19.02.2016 жылы қол койылды. Пішімі 60x84 1/₁₆.
Көлемі 17,43 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №4357.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеттің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.